



Ұлыс оң болсын! АІОҰН апта

СЕНБІ
№33 (4719)
21.03.2026



e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президентімен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Ресей Президенті Мемлекет басшысын Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау бойынша жалпыұлттық референдумның табысты өтуімен құттықтады.

Президенттер өзара қарым-қатынастың күн тәртібін талқылады. Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президентінің мамыр айының соңында Қазақстанға жоспарлаған мемлекеттік сапары екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық байланыстарды нығайту тұрғысынан айрықша мәнге ие екенін атап өтті.

Владимир Путин Астанада өтетін алдағы келіссөздерге берілген мұндай бағамен келісетінін жеткізіп, екіжақты ынтымақтастық барлық стратегиялық салада қарқын алғанына назар аударды.

ӘЛЕУМЕТТІК АХУАЛ БАЯНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдыны қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қаланың әлеуметтік-экономикалық ахуалы және негізгі даму бағыттарының іске асырылуы туралы баяндалды.

Дархан Сатыбалдының айтуынша, қала экономикасында оң динамика байқалады: 2025 жылдың қорытындысы бойынша өсім 6,5 пайызды құрады, ал биылғы қаңтар-ақпан айларында қысқа мерзімді экономикалық индикатор 9,4 пайызға жетті. Негізгі көрсеткіштер өнеркәсіп, құрылыс, көлік және сауда салалары есебінен құралады.

Шаһардың инвестициялық портфелі 2,8 триллион теңгеден асады. «Алматы» индустриялық аймағы мен «Алатау» арнайы экономикалық аймағына жаңа жобаларды тарту мақсатында кеңейту жұмыстары жүргізілуде.

Алматы еліміздің IT секторында жетекші рөл атқарады. Цифрландыру аясында Almaty AI Park қалыптасып, жасанды интеллект негізіндегі бейнемониторинг пен талдау жүйесі дамып келеді.

Туризм мен тау кластерін өркендету жалғасады. Биыл «Шымбұлақты» жаңғырту, іргелес шатқалдарды дамыту жұмыстары басталады. Жобаларды іске асыру 2029 жылғы Қысқы Азия ойындарына дайындық шараларымен бірге жүргізіледі. Сонымен қатар қонақүй инфрақұрылымы кеңейтілуде.

Бас жоспарды түзету аяқталуға жақын. Онда қала ішіндегі орталық моделін дамыту және тау бөктеріндегі аумақта құрылысқа шектеу енгізу көзделген.

Қоғамдық көлікті ілгерілету, соның ішінде BRT желісін кеңейту, метро құрылысы және жаңа транспорттық шешімдерді пысықтау негізгі басымдық саналады.

Инженерлік инфрақұрылым және сумен жабдықтау жүйесі жаңартылып жатыр. Экологиялық күн тәртібіне ерекше назар аударылып, жылу көздерін жаңғырту және шығарындыларды азайту шаралары қолға алынды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Almaty AI Park жобасын жеделдету, сондай-ақ LRT және Sky-Train жүйелерін енгізу жұмыстарын жандандыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

ҒЫЛЫМДЫ ДАМУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылыми қоғамдастықпен кездесті. Президент ғылыми қауым алдында сөйлеген сөзінде бүгінде түрлі мемлекет арасында технологиясы озық ел болу үшін қарқынды күрес жүріп жатқанын атап өтті.

– Біз еліміз өсіп-өркендесін десек, ең алдымен, цифрландыру мен жасанды интеллектің дамуына баса мән беруіміз керек. Бұл – менің Президент ретіндегі ең маңызды мақсатымның бірі. Жалпы, соңғы уақытта бұл салада ауқымды шаруа атқарылды, әлі де көп жұмыс істеуі-

міз керек. Кейінгі бес жылда ғылым саласына салынған инвестиция көлемі алты еседен асты. Елімізде зерттеу университеттері көбеюде, олардың нақты өндіріспен байланысы нығайып жатыр. Үкіметтің мәліметі бойынша, қазір 200-ден аса коммерциялық жоба қолға алынды. Осылай-

ша, «Университет – зерттеу – инновация – коммерция» экожүйесі біртіндеп пайда болып жатыр. Ғылым қалашықтары салынып, технология парктері және инжиниринг орталықтарының құрылысы басталды. Бір сөзбен айтқанда, ғылым саласында көп жыл бойы болмаған оң үрдістер байқалып жатыр. Бұл өте маңызды жұмысқа сіздер де белсене атсалысып жүрсіздер. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

ЖАСТАРҒА ЖАҢА ТЫНЫС

Президент енді еліміздің жаңа Конституциясына сай ғылым саласы бұдан да жоғары қарқынмен дамитынына назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Ата заңымызда ғылымның өрісін кеңейту негізгі стратегиялық басымдықтың бірі ретінде көрсетіліп отыр. Бұл университеттерді, зерттеу инфрақұрылымын дамыту, ғалымдардың жағдайын жасау – Үкімет жұмысының бір бағыты ғана емес, мемлекеттің конституциялық міндеті ретінде бекітілді деген сөз.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫ КЕЛІП ТҮСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына барша мұсылман қауымы үшін қасиетті саналатын Ораза айтқа орай шет мемлекеттердің басшыларынан және халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтау жеделхаттары келді.

Мемлекет басшысын Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қос киенің сакшысы, Сауд Арабиясының Королі Салман бен Әбделазиз Әл Сауд, Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд, БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай Әміршісі Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум, БАӘ Вице-Президенті, Премьер-министрдің орынбасары Мансур бен Заид Әл Нахаян, Иордания Королі II Абдалла, Палестина Президенті Махмұд Аббас, Мысыр Президенті Әбдел Фаттах Ас-Сиси, Алжир Президенті Әбделмәжид Теббун, Үндістан Премьер-министрі Нарендра Моді, Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф, Ливия Президенттік кеңесінің төрағасы Мұхаммед Юнус әл-Манфи, Татарстан Раисы Рустам Минниханов, Ислам ынтымақтастығы ұйымының бас хатшысы Хиссейн Брахим Таха, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев, ИСЕСКО бас директоры Салим бен Мұхаммед әл-Малик және тағы басқалар құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына құттықтау жеделхаттары әлі де келіп түсіп жатыр.

ӘЗ-НАУРЫЗ – АЛАШ АМАНАТЫ

Ұлыстың ұлы күні – жай халықтық мейрам емес, ұлттың ұлылығымен тығыз астасқан киелі құндылық. Отарлаушы саясат халық жадындағы тамыры тым тереңде екенін түсініп, оны тойлауға барынша тұсау салды, ұлттық санадан мүлдем өшіріп тастауға күш салды. Алайда тарихтың қыспақты кезеңдерінде қазақ зиялылары Наурызды ақтап алу жолында аянып қалған жоқ. Олар бұл мейрамды ел рухын асқақтатудың, ұлттық намысты оятудың басты құралына айналдырды.

(Жалғасы 6-бетте)



ДӘСТҮР МЕН НАРЫҚ ТОҒЫСЫ

Наурыз – қазақ қоғамы үшін тек тарихи-мәдени мұра ғана емес, қазіргі жағдайда экономикалық белсенділікті күшейтетін маңызды кезеңдердің біріне айналды. 2026 жылы бұл үрдіс айқын байқалып отыр: мереке қарсаңында тұтыну көрсеткіші өсіп, шағын және орта бизнес (ШОБ), сауда, қызмет көрсету және туризм секторлары ерекше жанданады. Сарапшылардың айтуынша, Наурыз бүгінде «мәдени код пен нарықтық механизмдердің» түйісетін нүктесіне айналып отыр.

(Жалғасы 5-бетте)



21 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

ҒЫЛЫМДЫ ДАМУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ

(Басы 1-бетте)

— Қазақстанда 420-дан астам ғылыми-зерттеу ұйымы бар. Онда 27 мыңнан аса ғалым мен ғылыми қызметкер еңбек етіп жүр. Бұл — өте үлкен академиялық корпус. Әсіресе, ғылыми ортаның жасарып келе жатқаны қуантады. Отандық ғалымдардың жартысына жуығы 40 жасқа толмаған. Ұрпақтар сабақтастығы көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан әлемде ғылымның заман талабына сай болуына мүмкіндік береді. Мен қазақ ғылымының келешегіне үмітпен қараймын. Әйтсе де, халықаралық тәжірибемен жете таныс адам ретінде отандық ғылымның қазіргі жағдайын асыра бағалаудан, «толайым табысқа жетті» деп айтудан аулақпын. Дегенмен ғылымды дамыту үшін бізде инфрақұрылым да, адами әлеует те бар. Үкімет пен ғылыми қоғамдастықтың алдында ортақ стратегиялық мақсат тұр. Ол — анағұрлым тиімді ғылыми орта қалыптастыру, экономикадағы инновацияны ынталандыру, ғылымды өндіріспен барынша ұштастыру. Ашығын айтқанда, шешімін күткен мәселе шаш етекпен, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымды қаржыландыру ісіне қатаң тәртіп керек, қаражатты басымдықтарға қарай жұмсаған жөн деп санайды.

— Мемлекет соңғы алты жылда ғылымға арналған қаржыны бірнеше есе ұлғайтты. Жыл сайын ғылымға 200 миллиард теңгеден астам, тіпті, бұдан да көп, 500 миллион доллардан аса қаржы бөлінеді. Бұл — Қазақстан үшін қомақты ақша. Алайда ғылымды қаржыландырудың нақты нәтижесін әзірге көре алмай отырмыз. Бас прокуратура салалық министрлікте және Ғылым қорында көптеген әрі ауқымды қаржылық заңбұзушылықтарға жол берілгенін әшкереледі. Неліктен осылай болғанын тап басып айту қиын. Грант алушыларды аккредиттеуден бастап қаржыландыру үдерісінің барлық кезеңінде кемшіліктер көзге көрініп тұр. Менің түсінігімде, ғылым мен жемқорлық бір-біріне қарама-қарсы құбылыс, екеуі қатар аталмауға тиіс. Мемлекет қаржысын жымқырғысы келетін кез келген әрекетке тосқауыл қоятын сүзгі не кедергі жоқ. Ғылыми үдерісті дамытудың тұжырымды көзқарасы қалыптаспаған. «Әйтеуір, қаражатты қалайда игерсек болды» деген ұстаным тамыр жайған. Ғылыми жұмыстың нақты пайдасы, жанашылдығы қандай? Оған ешкім бас қатырмайды. Бұған қоса, сараптама ұзаққа созылады. Жобалар уақытылы іске аспайды. Үкімет аталған мәселелерді егжей-тегжейлі тексеріп, жағдайды түзеу үшін шұғыл шаралар қабылдауы керек, — деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, ғылыми әзірлемелер елге нақты пайда әкелуі керек. Өкінішке қарай, бұл бұлжымас аксиоманы қайталауға тура келіп тұр.



— Ғылым қорына инновацияны ынталандыруға арналған жаңа құзыреттер берілді. Бірақ жұмыстың нәтижесі жоқ. Қордың қызметін қайта саралау қажет. Өзімізді алдаудың не қажеті бар? Ғылым бар сияқты, бірақ оның нақты пайдасын көрмей отырмыз. Маған үш мыңнан астам қолданбалы ғылыми жобаның тек 193-і ғана коммерцияландыруға лайық деп танылғаны, ал нарыққа баржоғы 29 жоба шыққаны баяндалды. Өкінішке қарай, индустрияға әсері, қайтарымы өте аз. Тағы бір келенсіз жайт: заманауи өндіріс құруға бөлінген жер телімдері бос жатыр. Ал жұмысында олқылықтарға жол берген Ғылым қоры мемлекет қаржысын қайтармағаны өз алдына, тіпті, құқық қорғау органдарына да шағымданбаған. Ештеңе болмаған сияқты. Алайда құқық қорғау органдары грант ретінде алынған ақшаның кейін Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы мен Ғылым қоры қызметкерлеріне аударылғанын әшкереледі. Тексеріс нәтижесі бойынша 11 қылмыстық іс қозғалды. Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мейрамы қарсаңында өзім шынайы құрметпен қарайтын ғылыми қызметкерлер туралы осындай ұятты деректерді ашық айту оңай емес. Бірақ Конституциядағы Заң мен тәртіп қағидаты ғылым қайраткерлеріне де қатысты. Ғылыми қоғамдастықтың абырой-беделіне нұқсан келтіретін осы жағымсыз жайт жауапкершіліктің болмауы, бақылаудың нашарлығы және процестерді цифрландырудың төмен деңгейі қайда әкеліп соғатынын анық көрсетті. Барлық ғылыми әзірлеме қолданбалы мәнге ие болуға тиіс. Экономиканың нақты секторларына белсенді енгізілуі керек, — деді Мемлекет басшысы.

ҒАЛАМДЫҚ ТӘЖІРІБЕ ЕСКЕРІЛГЕНІ ЖӨН

Президент инновациялық саясатты жүргізу құзыреті Ғылым және жоғары білім министрлігіне берілгенін, «Индустриялық PhD»

мамандарын даярлау бағдарламасы іске қосылғанын, іргелі зерттеулерді тұрақты қаржыландыру тетігі енгізілгенін, сондай-ақ жетекші ғалымдарға еңбекақы төлеудің жаңа әдістемесі заң жүзінде бекітілгенін алға тартты.

— Алайда қабылданып жатқан шараларға қарамастан, ғылыми әзірлемелерден ауыз толтырып айтарлық экономикалық әсер әзірге жоқ. Бұл жағдайдың себептерін анықтауымыз керек. Ғылым академиясы, тиісті институттар, ғалымдар мен бизнес-қоғамдастық осы тығырықтан шығаратын ұсыныс беруге тиіс. Басқаша айтқанда, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруды қолға алған жөн. Негізі, бұл әлдеқашан орындалуға тиіс міндеті еді. Бірақ ештен кеш жақсы. Стратегиялық мақсатымыз — ғылым мен инновацияға келетін инвестицияны еселеу. Бұл іске жеке кәсіпорындар мен кәсіпкерлер де атсалысуы қажет. Яғни, ғылым — жалпыхалықтық іс. Мәселені осылай төтесінен қоямыз керек. Үкімет ғылымды басқарудың нәтижеге құрылған және бизнеспен серіктестікті дамытуды көздейтін тиімді моделін жасақтауы керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осыдан үш жыл бұрын елімізде әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жөнінде нақты тапсырма бергенін еске салды.

— Бұл Қазақстанға өте қажет. Осы бастама, ең алдымен, жастардың өз жерімізде сапалы білім алуына жол ашады. Біз сол арқылы еліміздің жоғары білім жүйесіне халықаралық бағдарламалар мен озық стандарттарды енгізе аламыз. Жалпы, осы уақыт ішінде ауқымды шаруа атқарылды, 33 университеттің филиалы ашылды. Оның ішінде Мәскеу инженерлік физика институты, Аризона университеті, Сорбонна, Лотарингия университеті, Кардифф университеті, Де Монтфорт университеті, Бейжің тіл және мәдениет университеті сияқты беделді жоғары оқу орындары, сондай-ақ Лу Бань шеберханасы

бар. Бірақ бұл жұмыс әлемнің үздік университеттерімен серіктестік орнатумен аяқталмауы керек. Бізге есеп үшін ашылған, ұлттық ғылымды дамытуға қауқарсыз филиалдардың қажеті жоқ. Басты назар санда емес, сапада болуға тиіс. Қазақстанда жұмыс істейтін әр филиал жоғары білім саласындағы бәсекені арттыруға ықпал етуі керек. Осы мәселені мұқият зерделеу маңызды. Қазір еліміздегі шетел жоғары оқу орындарының филиалдарында білім алып жатқан студенттердің дені — мемлекеттік грант иелері. Елімізде жергілікті жоғары оқу орны мен шетелдік университеттерге берілетін мемлекеттік оқу гранттарының ақысында үлкен айырмашылық бар. Үкіметтің мәліметі бойынша, бір студентті оқыту үшін шетелдік филиалға бөлінетін мемлекеттік грант көлемі ұлттық мәртебесі бар университеттерге бөлінетін грант көлемінен бес есе артық. Мұндай жағдайда бәсекелестік туралы сөз айтудың өзі орынсыз болуы мүмкін. Сондықтан Үкімет шетелдік жоғары оқу орындарына бөлінетін мемлекеттік грант құнын қайта пысықтап, тиісті талдау жүргізгені жөн болады, — деді Президент.

КЕЛЕШЕКТІҢ КАМЫ ҮШІН

Мемлекет басшысының пайымдауынша, ғылым қалашықтары мен қарқынды дамитын қалалар инвестиция және жаңа технологияларды тарту орталығына айналуға тиіс.

— Осы міндетті іске асыру үшін тиісті тұжырымдама қабылданды. Бұл концепцияға сәйкес мықты ғылыми-технологиялық парктер құру жоспарланып отыр. Менің тапсырмам бойынша Курчатова қаласына ғылым қалашығы мәртебесін беру жұмысы басталып кетті. Парламент осындай қалашықтардың құқықтық мәртебесін және қаржыландыру тетіктерін айқындайтын заң жобасын қарап жатыр. Ғылымды арқау еткен аумақтар құру — біздің стратегиялық басымдыққа ие

мақсатымыз. Жаңа Конституцияда қарқынды дамитын қалалар үшін арнайы құқықтық режим бекітілді. Сондықтан Alatau City жоғары технологиялар саласындағы инвесторлар үшін тартымды жобаға айналады деп сенеміз. Жалпы, мемлекет өңірлерде ғылым мен инновацияны дамытуға ерекше назар аударып отыр. Соған сәйкес, әкімдерге ғылыми-технологиялық саясатты жүргізу құзыреті берілді. Аймақтардағы 11 жоғары оқу орнында академиялық артықшылық және зерттеу орталықтары құрылып жатыр. Бұл орталықтар баламалы энергетикадан бастап биотехнология саласына дейін әртүрлі бағыттар бойынша маңызды зерттеулер жүргізетін болады. Түптеп келгенде, біз білім-ғылымды өзгерлерден құр көшіріп алмай, өзіміз жасауымыз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент әлемдік ғылымда өзекті зерттеулер жасай алатын ғалымдар буынын тәрбиелеу қажеттігіне мән берді.

— Біз жаңа Конституцияда адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде бекіттік. Енді бәріміз бұл мақсатты міндетті түрде іске асыруымыз керек. Басқа жол жоқ. Бұл — өте күрделі міндет, оны түсінуіміз керек. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін ғылым қауымдастығы кәсіби біліктілік, адалдық және отаншылдық қасиеттерін танытуы қажет. Мен сіздерге үміт артамын, — деді ол.

Мемлекет басшысы ғылымда нәтижеге қол жеткізу үшін адам капиталына баса мән берген жөн деп есептейді.

— Біз ескелең ұрпаққа тәрбие беру мен азаматтарды қолдауды әлеуметтік әділдік, жасампаз отаншылдық және еңбекқорлық тұрғысынан қайта қарауымыз керек. Бұл — патернализм моделінен адам мен оның қабілеті басты ресурсқа айналатын өркениетті трансформациялау үлгісіне өту деген сөз. Сондықтан жаңа Конституциямыздың, ең алдымен, адамға бағдарлануы тегін емес, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сөз соңында Президент елдің шынайы жаңаруы саяси ұраннан емес, құқықтық іргетасымызды жаңаша қалыптастырып, бекітуден басталатынын жеткізді.

— Біз бір ел, бір жұрт болып осы аса маңызды жұмысқа кірістік. Жаңа Конституция елдігіміздің тірегі, егемендігіміздің тұғыры болады. Оның әр бабы, әр тармағы елдігімізді нығайта түседі. Біз Ұлы даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтауға баса назар аудардық. Бабаларымыз әуел бастан құқықтық мемлекет құруға ерекше мән берген. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, өз Тәукеңің Жеті жарғысы — соның айқын дәлелі. Қуатты, Күшті, Бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы — жаңа тарихи, геосаяси жағдайдағы бірегей құжат. Оның тарихымыздағы орны ерекше. Бұл — азаматтарымыздың арман-тілегінен, мақсат-мұратынан туған қастерлі құжат, шын мәніндегі Халық Конституциясы, — деді Мемлекет басшысы.

Жиын соңында Президент елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар табыстады.



ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫ АЛАТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАРАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов төрағалық еткен Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Алатау қаласының арнайы мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасы қаралды. Бірлескен отырысқа Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев та қатысты.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа Жолдауында атап өткендей, Алатауға ерекше мәртебе беру қаланы да, ел ауқымында да барлық бағытта дамыту үшін қажетті шара болып табылады. Осыған байланысты жеке заңда қаланы басқару режимі, қаржылық модельдер және басқа да маңызды аспектілері белгіленеді.

Мұнда ерекше салық және бюджет жағдайларын қолдану, цифрлық активтердің айналымын реттеу, пилотсыз технологияларды дамыту және халықаралық стандарттарды енгізу туралы айтып отырмыз. Негізгі жаңалықтарда сонымен қатар инвестицияларды қорғау және олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары қамтылған.

Құжатты депутаттарға таныстырған Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев заң жобасы Мемлекет басшысы айқындаған тәсілдер мен қағидаттарға негізделгенін айтты. Оның негізгі мақсаты — Алатау қаласының жедел әрі тұрақты дамуына жағдай жасау.

— Жақында қабылданған Конституцияда жекелеген өңірлердің экономикасын жылдамдату үшін «қарқынды дамидын қала» арнаулы құқықтық режимін Конституциялық заң арқылы енгізуге болатыны көрсетілген. Осыған сәйкес Алатау жобасы дербес экожүйе ретінде қарастырылады. Ол жеке қаржылық модельге, арнайы басқару режиміне және жана институционалдық негізге сүйенеді, — деді Премьер-министрдің орынбасары.

Қаланы басқару жүйесіне тоқталған Қанат Бозымбаев жаңа мемлекеттік орган — Alatau City Authority құрылатынын жеткізді. Қызметі стратегиялық даму қағидатына негізделетін бұл органның жұмысын Премьер-министр басқаратын Ке-



нес айқындайды, ал ағымдағы жұмысты Бас атқарушы директор жүзеге асырады. Кеңес негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдап, әкімшілік актілерді бекітеді. Өз кезегінде әкімдік пен мәслихат әлеуметтік, коммуналдық және қоғамдық мәселелерге жауап береді.

Премьер-министрдің орынбасарының айтуынша, Алатауда салықтық жеңілдіктер жүйесі қалыптастырылып, бизнесті реттеу, инвесторларды тарту тетіктері мен инвестициялық дауларды шешуді қамтитын толыққанды экожүйе құрылады. Сонымен қатар қаланың дамуы Digital by default қағидатына негізделеді, яғни барлық негізгі басқару процестері цифрлық форматта жүзеге асырылады.

Салықтық преференциялар тек жаңа инвестициялық жобаларға, қаланың басым даму секторларына сәйкес беріледі. Барлық жеңілдіктер мен инвесторлардың міндеттемелері ашық түрде жарияланады.

Alatau City Authority республикалық бюджеттік бағдарламалардың дербес әкімшісі болады. Оның бюджеті республикалық бюджет құрамында блоктық бюджеттеу қағидаты бойынша қалыптасып, негізінен инфрақұрылымды дамыту мен ұзақмерзімді жобаларды қолдауға бағытталады. Ал қаланың жергілікті бюджеті ағымдағы және әлеуметтік міндеттерді қаржыландыруға жұмсалады. Қала өзін-өзі қамтамасыз еткенге дейін оның қаражатын басқа бюджеттерге алу қарастырылмайды.

Сонымен қатар заң жобасы инвестициялық келісімдердің тұрақтылығын, арнайы құқық-

тық режимнің басымдығын және лицензиялаудың жеке тәртібін бекітеді. «Бір терезе» қағидаты бойынша тәуелсіз реттеу жүйесі енгізіледі, ал инвесторлардың құқықтары халықаралық деңгейде қорғалады.

Қанат Бозымбаевтың айтуынша, қазіргі уақытта жалпы құны 1,8 трлн теңгені құрайтын 44 инвестициялық жоба қалыптастырылған. Оларды жүзеге асыру шамамен 30 мың жұмыс орнын ашуға жол ашып, Алатауды ғылым, туризм, медицина және инновациялар орталығы ретінде дамытуға негіз болады.

Қала дамуы стратегиялық құжаттар негізінде жүзеге асырылады, бұл — 30 жылдық ұзақмерзімді жоспар, сондай-ақ 15 жылдық стратегия мен мастер-жоспар. Инвесторлар үшін тұрақтылықты сақтау мақсатында бұл құжаттарға өзгерістер сәйкесінше 10 және 5 жылда бір реттен жиі енгізілмейді.

Жер қатынастары арнайы режим арқылы реттеледі. Қаланың жер қоры құрылып, ол стратегиялық және инвестициялық жобаларды іске асырудың негізгі құралына айналады. Жер учаскелері инвесторларға бизнес-лицензия немесе келісімшарт негізінде беріледі, ал пайдалану шарттары нақты инвестициялық міндеттемелермен тікелей байланысты болады.

Қосымша баяндама жасаған Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильянов депутаттардан 527 ұсыныс түскенін айтты.

Оның айтуынша, түзетулер Конституцияның жаңа нормаларына сәйкестендіруге, Алатау

қаласының жұмыс істеу қағидаттарын нақтылауға, әкімшілік мәртебесін айқындауға, цифрлық өзара іс-қимылды күшейтуге және тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

— Сонымен қатар Бас атқарушы директордың және әкімшілік қызметкерлерінің, қала әкімінің және оның орынбасарларының жауапкершілігін енгізу, сондай-ақ бюджеттік қаражаттың пайдаланылуын бақылауды күшейту және әкімшіліктің бюджет орындалуы туралы жыл сайын есеп беруін қамтамасыз ету ұсынылады, — деді Нұртай Сабильянов.

Заң жобасына Мәжіліс депутаттары Снежанна Имашева мен Азат Перуашев, сондай-ақ сенаторлар Әлібек Нәутиев пен Бекбол Орынбасаров қолдау білдірді.

Сенат депутаты Серік Шайдаров заң жобасын талқылау барысында жобаны іске асыруға дұрыс көзқараспен қараған кезде Alatau City бүкіл өңірдің экономикасын қайта жандандыруға қабілетті қуатты хаб бола алатынын атап өтті. Дегенмен барлық ерекшеліктерді ескеру және халықаралық тәжірибені мұқият зерделеу және одан сабақ алу аса маңызды.

— Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Алатау қаласына жаңа инвестициялық кезеңнің негізгі жобасы болуға тиіс. Бұл капиталды тарту үшін теңдесі жоқ жағдайлар жасауды, прогрессивті реттеуші режим орнатуды, озық инновациялық шешімдерді енгізуді, өмірдің барлық саласында жасанды интеллект пен цифрлық

технологияларды пайдалануды білдіреді деп атап өтті. Осыған байланысты жобаны жүйелі әрі тиімді іске асыруға кедергі келтіру мүмкін барлық факторларды ескеру қажет. Бұл — аса маңызды міндет, — деді ол.

Талқылау барысында депутаттар әкімшілік актілер арқылы экономиканың барлық салаларын реттеу қолданыстағы заңнамамен қалай үйлестірілетіні жөнінде, арнайы құқықтық режим аясында шетелдік инвесторлардың жерді пайдалану тәртібі қалай ұйымдастырылатыны туралы бірқатар сұрақтар қойды. Сонымен қатар олар қаладағы ғимараттарды салу тетіктеріне ерекше назар аударды. Алатау резиденттерінің салық жеңілдіктерінің ашықтығы мен олардың халықаралық озық тәжірибеге сәйкес болуы талқыланды. Сондай-ақ депутаттар білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы ортақ стандарттардың қаншалықты сақталатынын нақтылады.

Талқылау қорытындысы бойынша, депутаттар «Алатау қаласының арнаулы мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Барлық ұсыныстар мен түзетулер Нұртай Сабильянов төрағалық ететін бірлескен комиссияда қаралатын болады.

Сонымен қатар Парламент палаталарының бірлескен отырысында екінші оқылымды өткізу 27 наурызға жоспарлануда. Заң жобасын наурыз айының соңына дейін Мемлекет басшысының қарауына енгізу көзделіп отыр.



21 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

ОНЛАЙН-БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



«AMANAT» партиясының Орталық аппаратында мемлекеттік қызметшілердің, аудандар мен ауыл әкімдерінің, депутаттардың, бюджеттік сала қызметкерлерінің, белсенділердің цифрлық құзыреттерін арттыруға және өңірлердің жұмысына жасанды интеллект технологияларын енгізуге бағытталған «Цифрлық қоғам» партиялық жобасы аясында онлайн-білім беру платформасы іске қосылды.

Іс-шараға партияның цифрлық комиссары, Парламент Мәжілісінің депутаты Екатерина Смыш-

ляева, Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Дмитрий Мун, сондай-ақ облыс

әкімдерінің орынбасарлары, «AMANAT» партиясы өңірлік филиалдарының төрағалары мен қызметкерлері, цифрландыру басқармаларының басшылары, мәслихат депутаттары және бейнеконференцбайланыс арқылы қосылған ауылдық округ әкімдері қатысты.

Кенес отырысында бейінді министрліктің қатысуымен жүзеге асырылатын «Өңірлердегі мемлекеттік қызметшілердің қызметіндегі цифрлық дағдылар және жасанды интеллект» атты білім беру бағдарламасы ресми түрде бастау алды.

Екатерина Смышляева жобадағы партияның негізгі рөліне тоқталды.

«Негізгі міндет – цифрлық шешімдердің күнделікті жұмыста қолданылып, нақты нәтиже беруі үшін оларды мемлекеттік басқарудың барлық деңгейіне енгізуді қамтамасыз ету», – деді Екатерина Смышляева.

Оқыту Astana Hub базасында (<https://edu.astanahub.com/>) ұйымдастырылып, асинхронды форматта өтеді. Бұл мемлекеттік қызметшілердің кен ауқымын қамтуға

мүмкіндік береді. 2026 жылғы 31 мамырға дейін өңірлік деңгейдегі қызметкерлерді жаппай оқыту жоспарланып отыр.

Бағдарлама жасанды интеллектіге негізделген қолданбалы құралдарды қамтиды. Атап айтқанда, қызметтік құжаттарды, аудармаларды, презентациялар мен хаттамаларды дайындау үшін AI-агенттерін пайдалану көзделген. Бұл күнделікті жүктемені айтарлықтай азайтып, жұмыс сапасын арттырады.

Өз кезегінде вице-министр Дмитрий Мун бағдарлама цифрлық шешімдерді іс жүзінде қолдануға бағытталғанын атап өтті.

«Біздің мақсат – жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің жұмысына қажетті нақты құралдар беру. Бүгінде мемлекеттік саясаттың тиімділігі жергілікті жерлерде ақпаратты қаншалықты тез әрі сапалы өндейтінімізге тікелей байланысты», – деді ол.

Оқыту төрт бағытты қамтиды – ұлттық жасанды интеллект платформасымен жұмыс істеу дағдылары, Smart Data Ukimet құралдарын пайдалану, Smart City және

Smart Region тұжырымдамаларын енгізу, сондай-ақ мемлекеттік процестерді реинжинирингілеу.

Іс-шара барысында өңірлердің цифрлық инфрақұрылымын дамытуға, оның ішінде геоталдау, өңірлік деректер базасын құру және заманауи шешімдерді қолдану отырып, ақпаратты цифрландыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Ұлттық жасанды интеллект платформасы заманауи тілдік модельдерді пайдалана отырып, қорғалған ортада жұмыс істейді. Бұл деректердің қауіпсіздігі мен нақтылығының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Оқыту корпоративтік пошта домендері арқылы қатысушыларды міндетті түрде верификациялау арқылы жүргізіледі. Ал курс аяқталғаннан кейін қатысушылар электрондық сертификаттар алады. Қатысушылармен кері байланыс орнату және оларды сүйемелдеу үшін бейінді министрліктің ресми ресурстары арқылы цифрлық байланыс арналары қарастырылған.

Кенес қорытындысы бойынша, қатысушылар «AMANAT» партиясының қолдауымен білім беру платформасын іске асыру өңірлердегі цифрлық құзыретті дамыту және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру ісінде маңызды қадам болатынын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында еліміздің барлық өңірінде «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы жалғасын табуа. Аталған акция ең алдымен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға және экологиялық мәдениетті нығайтуға бағытталып отыр.

Мәселен, Ақмола облысы Атбасар қаласындағы Желіс саябағында «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері экологиялық акция өткізді. Олар саябақ аумағын коқыстан тазартып, қоғамдық кеңістікті ретке келтірді. Осылайша, жастар қанатының белсенділері партиялық жобаларға белсенді атсалысып, өңір дамуына өз үлестерін қосуда.

Ал Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласында «AMANAT» партиясының қалалық филиалы «Таза бейсенбі» акциясын ұйымдастырып, аулаларды қар мен мұздан тазалау жұмысын жүргізді. Іс-шараға белсенді жастар, қалалық мәслихат депутаттары және партия мүшелері қатысты.

Ақтөбе облысы Ойыл ауданында өткен экологиялық акцияға жергілікті тұрғындар, «Көкжар-Керуен» және «Жібек Жолы» бастауыш партия ұйымдарының 40-тан астам мүшесі жұмылды.

Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылындағы орталық алаңда аудандық партия филиалының ұйымдастыруымен ағаш егіліп, аумақты көгалдандыру жұмысы жүргізілді. Табиғатты аялауға бағытталған іс-шараға бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, аудандық мәслихат депутаттары

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

және белсенді жастар қатысып, ортақ іске өз үлестерін қосты.

Алматы қаласы Медеу ауданындағы №33 мектеп-лицейінің аумағында ұйымдастырылған акцияға білім ошағының ұжымы, еріктілер және аудан тұрғындары қатысты. Оның барысында мектеп пен оған іргелес аумақтар тазаланып, қоршаған орта ретке келтірілді.

Басты мақсат – тұрғындардың бойында экологиялық мәдениет қалыптастыру, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру және тазалық сақтау дағдысын нығайту. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай акциялар қоғамның барлық мүшесін ортақ іске жұмылдырып, табиғатқа жанаушылықпен қарауға үндейді.

Шымкент қаласы Тұран ауданында 100-ге жуық адам қатысқан экологиялық акция ұйымдастырылды. Олардың арасында «AMANAT» партиясының қалалық және аудандық филиалдарының қызметкерлері, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері, сондай-ақ коммуналдық қызмет мекемесінің жұмысшылары бар.

Акцияға қатысушылар А.Байтұрсынов көшесінің бойындағы көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын тазалады. Олар тұрмыстық қалдықтарды жинап, қураған және бейберекет өскен ағаштарды отап, аумақтың санитарлық жағдайын жақсартуға үлес қосты. Сондай-ақ көгалдандыру мәселесіне де ерекше мән беріліп, 60-қа жуық ағаш егілді.

Жетісу облысы Талдықорған қаласында облыстық «Жастар Рухы» жастар қанатының филиалы Ардагерлер саябағы аумағында акция ұйымдастырып, оған Сервис



және технология колледжінің білім алушылары да белсенді атсалысты. Іс-шара барысында қатысушылар саябақ аумағын тазалады. Олар коқыс жинап, бұлақ көзін ашып, оның айналасын ретке келтірді.

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында партия қызметкерлері қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған акция ұйымдастырды. Оған Қарқаралы қалалық мәслихатының төрағасы Саят Оспанов, «AMANAT» партиясы Қарқаралы аудандық филиалының төрағасы Абылай Рымхан, партия белсенділері және қала тұрғындары қатысты. Жалпы іс-шараға 20-ға жуық белсенді жұмылды.

Оның барысында қатысушылар Т.Әубәкіров көшесінде орналасқан сквер аумағындағы қар мен тұрмыстық қалдықтарды тазалады. Жұмысты жеделдету және қар шығару мақсатында арнайы техника тартылды.

Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылында тазалық жұмысы жүргізілді. Ауыл көшелерінде арнайы техниканың көмегімен қар тазаланып, суағарлар аршылды. Сонымен қатар жаяу жүргіншілер жолы мен қоғамдық орындар да ретке келтірілді. Бұл жұмыс көктемгі су тасқынының алдын алу, сондай-ақ тұрғындардың қауіпсіздігі мен қолайлы өмір сүру ортасын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылды. Тазалық жұмысына жауапты мекемелердің қызметкерлері мен арнайы техникалар жұмылдырылды. Іс-шараға қатысушылар ауылдың санитарлық жағдайын жақсартуға өз үлестерін қосып, ортақ іске белсенді атсалысты.

Манғыстау облысы Жаңаөзен қаласында «AMANAT» партиясы-

ның мүшелері «Шұғыла» бастауыш партия ұйымына қарасты №5 мектеп-гимназия ауласына ағаш егіп, аумақты тазалау жұмысын жүргізді.

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданында экологиялық акция ұйымдастырылды. Оған жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, партия мүшелері және аудан тұрғындары белсенді атсалысты. Оның барысында «Достық» саябағы аумағында қар тазаланып, аудан орталығындағы су ағатын арықтар аршылды. Бұл жұмыс еріген қар суының кедергісіз ағуын қамтамасыз етіп, су басу қаупін азайтуға ықпал етеді. Айта кетейік, өңірде су тасқынының алдын алу шараларына ерекше көңіл бөлінуде. Негізгі бағыттың бірі – аумақтарды қар мен мұздан уақытылы тазарту және су бұру жүйелерін ретке келтіру.

Сонымен қатар аудан орталығында еріген қар суын бұруға арналған арықтарды тазалау жұмысы қолға алынды. Мамандардың айтуынша, мұндай алдын алу шаралары су тасқыны қаупін азайтып, елді мекендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқарады.

Түркістан облысы Шардара ауданы Ұзын ата ауылдық округінде орналасқан Ұзын ата кесенесі аумағында тазалық жұмысы жүргізілді. Оны партияның Шардара аудандық филиалы ұйымдастырды. Игі іс-шараға партия белсенділері, мәслихат депутаттары, «Ұзын ата» бастауыш партия ұйымының белсенділері және ерікті жастар қатысты.


Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының тұрғындары, еріктілер және Оқушылар сарайының қызметкерлері «Таза бейсенбі» акциясына белсенді атсалысты. Олар аулалар мен қоғамдық орындарды тазалап, коқыс жинады.

Бетгі дайындаған Елнар ЕЛТАЙ



21 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБИ

Қазақ баласының жылқы атаулыға елең етпейтіні сирек. Қылқұйрықтыға деген мұндай құрмет халқымызда қанмен, қанмен емес-ау сүйекке сіңіп, жанмен біткен қасиет болса керек.



Мерлет, АРҒЫМАҚ ЖЫЛ!

Қиял шіркіннің көк дөненіне мініп, алыс-жақын тарихты есте жоқ ескі замандардан желден де жүйрік бүгінгі күнге дейін шолар болсақ аспанда Акбозат, Көкбозаттар кісінеп, санада сағымға оранған сәйгүліктер жортады; тауды бұзып, тас қашаған дәуірден қалған белгі іздесең, ақтас, көктастардың бетінен танбалы тұлпарлар қыландайды; қола қорытып, шойын құйған кездер-

дегі құм басқан көне қоныстардан бабалар мұрасын аршысаң, қоладан құйылған қазанаттар шығады алдыңнан; сак, сармат бабаларымыздың алтынды аптап, күмісті күптеп, мейманасы тасқан дәуірінен жеткен жәдігерлерден арғықазақтың алтын жалды арғымақтары арқырайды; көк тәңірге сыйынған көк түріктер тарихынан тамыр тартсаң, мұздай темір құрсаңған батырлар

мінген тұлпарлар ауыздығымен алысады; Алтын орда мемлекетін құрған кезенге құлақ түрсең, Ақырғы теңізге аттанған дүлділер дүбірін естисің; бабалардың тілі кәлимаға келіп, басы сәждеге тиген кезден сыр тартсаң, пейіштің пырақтары келеді көз алдына; ұлы далада Қазақ хандығын құрып, ұлт боп ұйысу жолына түскен ұлық кезенге үнілсең, «Абылайлап» ұран салған ханбатырлардың қазанаттары тұяғымен жер тарпиды; тасқа қашалып, теріге басылып, киізге

өрнектеліп, ағашқа оймышталып, темірге нақышталған сансыз көп өнер туындыларынан саңлақтар суырылады.

Ей, ер қазақтың баласы, бүгінгі ұрпақтың тақымында тулаған небір ағылшын, ақалтеке, араб арғымақтарының үзенгісін үздіре шіреніп, кеуденді шалқак, еңсенді биік ұстап байтақ та бостан еліне көз жіберші – не көреді екенсің: күміс жалды құлындар құлдырандап, белдеудегі биелердің желіні сыздайды; аламанға түсетін аттар тыпыршып, үйірін үйірген айғырлар азынайды.

Боз биелер байырқылағанда сен де дамылдап, құтты мешін үйіңе қарай қадам басқанда алдыңнан арсалдап шығар баланды да «құлыным» деп еміренетінінді қайтерсің. Төрге озып, жарың ұсынған кесені қолыңа алсаң, сауға – қуат, ауруға – ем сапырылған сары қымыздың иісі мұрныңды жарады; таңдайдан шығар бабалар сусының сіміре жұтып, алдындағы табакқа қол созсаң, дертке – дауа, жанға – шипа қазы-қарта, жал-жая жатады төңкеріліп; бой жазылып, жан сергіген тұста домбыраға қол соқсаң, «қара жорға», «торы жорғалар» тайпалып, әуелетіп ән салсаң, «Ақбақай», «Маңмангер», «Телқоңырмен» тарқатасың көңіл шерін.

Иә, қазақтың бар тірлігі адал жар, алмас қылыш, алғыр тазы, қыран бүркітпен қатар бабалардан қалған жеті қазының бірі хәм бірегейі қасиетті, қанатты тұлпарлармен бірігіп, біте қайнасып кеткен.

Бар ғұмырын арғымақтың жалында өткізген ата қазақ бар тарихын тұлпардың тұяғымен жазған.

Ұлтымызда оттан да ыстық ұғым бар, ол – Отан. Сол Отанның тағдыры сынға түскенде, бабалар айтқан ұрпаққа аманат болған қастерлі ұран бар. Ол – «аттан». Оның мағынасы «атқа қон», «атқа мін» екені шығар күндей шындық, аттар тандай ақиқат.

Өмірдің өзі – жалы күдірейген, кекілі төгілген, үзенгілері сартылдап, ауыздықтары қаршылдаған небір қағілез бас, құйма тұяқ, бота тірсек, құлан құйрықты күлік мінгендердің аламан бәйгесі.

Бүкіл ғұмырын ат үстінде, арғымақ жалында өткізген, ана сүтімен ауызданып, жылқы сүтімен жетілген ер қазақтың барша азаматтарына әрдайым өмірдің аламан бәйгесінің алдында болуын тілеймін!

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД

ДӘСТҮР МЕН НАРЫҚ

(Басы 1-бетте)

А Кәмила ДҮЙСЕН

Ең алдымен, Наурыздың экономикаға әсерін тұтыну нарығынан байқауға болады. 2026 жылғы көктемгі мерекелер, соның ішінде 8 наурыз бен Наурыз мейрамы дәстүрлі түрде халықтың сатып алу белсенділігін арттырған. Биыл бұл үрдіске Рамазан айының сәйкес келуі нарыққа қосымша серпін бергені айтылады. Яғни, азық-түлік, киім-кешек, сыйлық және қызмет көрсету сегменттерінде сұраныс айтарлықтай өседі. Бұл – әсіресе, шағын кәсіпкерлер үшін ең табысты кезең.

НАУРЫЗ КӨЖЕ ҚАНШАДАН?

Мысалы, қарапайым ұлттық тағам – наурыз көженің өзі де инфляция мен нарық үрдістерінің айнасына айналған. Өйткені Қазақстанда Наурыз мерекесінің басты тағамы саналатын наурыз көжені дайындау құны бір жыл ішінде айтарлықтай өскен. Finprom сараптама орталығының мәліметінше, 2026 жылдың ақпан айының қорытындысы бойынша елдегі ірі қалада бұл тағамға қажетті өнімдердің орташа бағасы 11,9 мың теңгеге жеткен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, шамамен 20,6 пайызға жоғары.

Зерттеу барысында сарапшылар наурыз көженің ортақ респетісін негізге алған. Яғни, есепке сиыр еті, тары, күріш, арпа жармасы, айран, сүт, сары май және тұз енгізілген.

Finprom сарапшылары бұл туралы былай дейді: «Наурыз

көжеге арналған өнімдердің жалпы құны соңғы бір жылда едәуір өсті. Бұл өсім, ең алдымен, ет пен сүт өнімдері бағасының айтарлықтай қымбаттауымен байланысты. Әсіресе, сиыр еті мен сары май негізгі шығынның басым бөлігін құрап отыр. Өңірлер арасында да баға айырмашылығы айқын байқалады – бұл логистика, жеткізу тізбегі және жергілікті нарықтағы сұранысқа тәуелді. Жалпы алғанда, дәстүрлі тағамның құны елдегі инфляциялық үрдістерді де көрсетеді», – делінген орталық мәлідемесінде.

Өңірлік бөліністе баға айырмашылығы едәуір. Ең қымбат көрсеткіш Ақтауда тіркелген – 14,6 мың теңге. Бұл ел бойынша орташа деңгейден шамамен 25 пайызға жоғары. Атырауда да наурыз көже дайындау қымбатқа түседі – 13,3 мың теңге. Сонымен қатар Тараз бен Астанада бұл көрсеткіш 12,4 мың теңге болса, Алматыда 12,3 мың теңгеге жеткен.

ҚЫМЫЗ БАР МА?

Наурыз қарсаңында елде ұлттық сусындарға да сұраныс артқан. Биылғы жылдың алғашқы екі айының қорытындысы бойынша Қазақстанда 215 тонна қымыз өндірілген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 11,8 пайызға жоғары көрсеткіш. Яғни, бір жыл ішінде қымыз өндіру көлемі 23 тоннаға артқан.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, қымыз өндірісінің өсуі маусымдық сұраныспен қатар, дәстүрлі өнімдерге қызығушылықтың артуымен байланысты. Әсіресе, Наурыз мерекесі қарсаңында табиғи әрі

тоғымсы



ұлттық сусындарға деген сұраныс күшейетіні байқалады.

Алайда барлық ұлттық өнім бойынша өсім бірдей емес. Мәселен, шұбат өндірісі, керісінше, төмендеген. 2026 жылдың алғашқы екі айында бұл сусынның өндірісі 206 тоннаны құрап, өткен жылмен салыстырғанда 22,2 пайызға азайған. Сандық тұрғыда бұл 58 тоннаға кем деген сөз.

Бұл туралы мамандар былай дейді: «Қымыз өндірісінің артуы – ішкі нарықтағы сұраныстың тұрақты өсіп келе жатқанын көрсетеді. Соңғы жылдары халық арасында табиғи әрі дәстүрлі өнімдерге қызығушылық айқын байқалады. Ал шұбат өндірісінің төмендеуі белгілі бір өңірлік шектеулер мен өндірістік мүмкіндік-

терге байланысты болуы мүмкін. Жалпы алғанда, ұлттық сусындар нарығында тенгерімсіздік сақталып отыр және бұл бағытта инфрақұрылымды дамыту қажет», – дейді сарапшылар.

Айта кету керек, өткен жылдың жалпы қорытындысы бұл динамиканың өзгермелі екенін көрсетеді. Мәселен, 2025 жылы қымыз өндірісі 1126 тоннаны құрап, бір жылда 4,3 пайызға төмендеген еді. Ал шұбат өндірісі, керісінше, өсіп, 1425 тоннаға жеткен (27,6%).

OLX Kazakhstan аналитикалық қызметінің деректеріне сәйкес, Наурыз қарсаңында қызмет көрсету сегментінде сұраныс күрт өсіп, бұл шағын және микробизнес үшін негізгі табыс кезеңдерінің

біріне айналады. Сарапшылардың айтуынша, «Наурыз – бұл тек мәдени мереке емес, ол нарыққа нақты ақша әкелетін маусым. Сұраныс жасанды түрде емес, халықтың өмір салтынан туындайды. Сондықтан бұл – ең тұрақты әрі болжамды экономикалық толқындардың бірі».

Қызмет түрлерінің құрылымына қарасақ, ең үлкен үлес шара ұйымдастыру саласына тиесілі. Бұл да Наурыздың ерекшелігін көрсетеді: мереке көбіне жеке емес, ұжымдық форматта – аулада, мектепте, компанияларда, қоғамдық кеңістіктерде тойланады. Осыған байланысты ұйымдастырушылар тек бір қызмет емес, толық пакет – сценарий, әртістер, декор, техника сынды кешенді ұсыныстармен жұмыс істейді. Бұл сегменттің көш бастауын сарапшылар «мерекенің әлеуметтік табиғатымен тікелей байланысты» деп түсіндіреді.

Екінші орында – клининг қызметтері. Көктемгі тазалық жүргізу дәстүрі бүгінгі күні нақты нарықтық сұранысқа айналған. Яғни, бұрын отбасылық деңгейде жасалатын шаруалар енді ақылы қызмет ретінде қалыптасып отыр. «Наурыз алдындағы тазалық – бұл тек дәстүр емес, қазіргі жағдайда қызмет көрсету нарығының толыққанды сегменті. Үлкен қалаларда адамдар уақытты үнемдеу үшін бұл жұмысты мамандарға тапсырады», – дейді OLX Kazakhstan сарапшылары.

Үшінші орында – киіз үйді жалға беру қызметі. Бұл салыстырмалы түрде тар сегмент болғанымен, сұраныс тұрақты. Өйткені киіз үй Наурыздың басты символдарының бірі ретінде тек ауылдық жерлерде емес, қалалық ортада да кеңінен қолданылады. Әсіресе, корпоративтік іс-шаралар мен қоғамдық мерекелерде киіз үйсіз Наурызды елестету қиын.



21 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

А Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

ЖЫЛ БАСЫ – ЖАҢАРҒАН ДҮНИЕ БАСТАУЫ

Бүкіл түркі жұртының да ортақ мұрасы, рухани казынасы саналатын Наурыз мерекесі уақыт керуенінде әр халықтың өзіндік тұрмыстық бояуымен қаныға түсті. Бүгінде әр халық бұл ұлы күнді өз болмысына, атабабадан қалған салт-дәстүрі мен тіршілік тынысына сай түлетіп жатыр. Қазақ халқы мейрамды төл шаруашылығы мен кең сахарасының заңдылықтарына негізделген бірегей жүйе ретінде қалыптастырды. Далалық дүниетанымына лайықтап, ұлттық нақышпен көмкерді.

Наурыздың қазақ қоғамындағы орны мен тарихи салмағы ұлт арыстарының қолтанбасы қалған құнды жәдігерлерден де айқын көрінеді. Бабаларымыз бұл күнді «Ұлыстың ұлы күні» немесе «Ұлыс күні» деп кастерлеген. Хәкім Абай «Бірі сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген әңгімесінде: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен» деп сипаттайды.

Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы бұл атаудың төркініне үңіліп, оның «жаңа күн» деген мағынасын аша түседі: «Ескі қазақта Жаңа жыл күнінің аты – Ұлыс. ...Жыл басының аты Ұлыс екенінің дәлелі мынау: «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар, Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар», – деген тіпті ескі, есті мақал».

Алаш арыстары үшін Наурыз – тек күнтізбелік меже емес, түркі жұртының бірлігі мен мәдениетін айқындайтын биік мұрат еді. Сондықтан да олар әрбір Жаңа күн туғанда ұлттық сананы оятарлық салықалы ойларын ортаға салып, елдің қуанышына ортақтаса білді. Тіпті, 1926 жылы кеңестік саясаттың ызғарлы қаулысымен Наурызға «діни сарқыншақ» деген жала жабылып, ресми түрде тұсау салынғанда, ұлт зиялылары идеологиялық қыспақ пен қатал жазаға қарамастан, бұл шешімге барынша қарсыласып, мереке рухынан ажырамады.

Олар ұлттық болмыстың өзегі Наурыз тақырыбын қалам қуатымен қорғап, қасиетті мерекені халық жалынан өшірмеу үшін аянып қалмады. Олар үшін өз-Наурыз – саясаттан биік, уақыттан үстем ұлт жанының ажырамас бөлшегі еді. Сондықтан Жаңа күн туғанда Алаш зиялылары ұлттық мерекенің терең мәнін ашып, халықтың еңсесін тіктейтін отты лебіздерімен құттықтау жолдауды игі дәстүрге айналдырды.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы мерекенің табиғи һәм әлеуметтік сипатын былайша кестелеген: «Жаңа жылымыз – ...шын мағынасында Жаңа жыл деп айтуға лайық. Күн жылынып, қар еріп, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп, көңілденген кез. Шаруа адамдарының бейнеттен қолы шешіліп, алты ай қыс баққан арықтарын үмітті күнге жеткізіп, демалып отырған кез. Ағаш шөптер қар астынан сілкініп шығып, гүлденіп жасаруға даярланып, күн де қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып жоғары көтеріліп, бүгін ғаламға нұрын шашып, үйсізді үйлімен теңгеріп, бай мен жарлыға бірдей сәуле беруге тұрған кез». Қазақтың көктемді жыл басы деп тануы – жаратылыстың жүйесін дөп басқан көрегендігінің, ғылыми өріс-өркенінің кендігінің белгісі.

Сұлтанбек Қожанұлы 1925 жылғы 22 наурызда «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген «Наурыз» атты мақаласында өз-Наурыздың құндылықтарын дәріптейді.

«Жаңа жыл – мұсылманшылықтан бұрын шыққан мейрам. Бұл – күн мен түн теңелген кез. Күн мен түн теңелген соң, күн ұзарып, жылылық көбейеді. Жер жібиді, мал төлдейді, елдің аузы аққа тиеді. Қыс бойы ақ қар, көк мұздың астында жатқан жердің тынысы кенейеді. Осының



Өз-Наурыз – АЛАШ АМАНАТЫ

бәрі – шаруаның қуанышы. Наурыз күні ескі кек, ескі араздық ұмытылады. Ағайын-туған араласып, бір-біріне жақсы тілек тілейді. Бұл күні ренжуге болмайды. Бұл күні араздасқандар табысады. Осының бәрі ел ішіндегі ынтымақты, бірлікті нығайтады. Қазақ халқы үшін бұл күн – жаңа жылдың басы. Наурызды мейрамдау – елдіктің белгісі», – дейді Алаш қайраткері.

ҰЛТ ҰСТЫНЫ – ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Бейімбет Майлин Наурызды тойлауға ресми тыйым салынса да, 1926 жылы – «Наурыз күні» өлеңін, 1927 жылы – «Наурыз тілегі» өлеңін, 1928 жылы «Жаңа тілек» өлеңін жазған.

– «Қазақ» газеті шығып тұрғанда (1913-1918) жыл сайын 9 наурызда (ескі Юлиан күнтізбесі бойынша күн мен түн осы күні теңеледі, жана Григориан күнтізбесінде 22 наурызда сәйкес келген) газеттің бас айдарын Наурыз тақырыбына арнап отырды. 9 наурызда жарияланатын редакциялық құттықтау мақалаларының авторлары қатарында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы болды. «Мадияр» есімінен Міржақып Дулатұлы «Қош келдің, Наурыз!» атты жазбасын «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылы №75 санында жариялаған, – дейді этнограф Тәттігүл Картаева.

Бұл еңбектерде ұлттық думанның тек сыртқы көрінісі емес, оның ішкі рухани қабаты, атап айтқанда, татулық символы – «Көрісу» ғұрпының терең астары, өз-Наурызда айтылған «Жасың құтты болсын!» деген ақ тілектің мән-мағынасы ашылады. Сондай-ақ Наурыз көжедегі «қызыл» (ет) мен «ақтын» (сүт) астасуы – ескі жылмен қоштасу мен жаңа тіршілікті қарсы алудың киелі нышаны екенін осы жазбалар арқылы тани түсеміз. Наурыз көжедегі әрбір дәмнің құрамы көшпелі жұрттың шаруашылық танымы мен жаратылыс заңының ғажайып үндестігі екені осы мұраларда нақпа-нақ айқындалған.

Мағжан Жұмабаев: «Қазақтың Жаңа жылы дін әсерінен таза. Бұл күні ешбір құлшылық, дін әдеттері жасалмайды. Бар болғаны ел бір-бірімен көрісіп, «Жасың құтты болсын!» дейді. «Жасың құтты болсын!» – деп құттықтау осы күнге еш өзгеріссіз жеткен. Аңыз бойынша, Жыл – жаңа туған бала, ол күн санап өсіп, үш айдан соң жігіт болады, күз түскенде қартайып,

бурыл бас болады, қыс түсіп қар астында қалғанда көріліктен өледі, осылайша он екі ай бітуімен ескі жылдың өмірі де бітеді. Жаңа жыл қайта туылғанда, сол туылған күнді құттықтап, қуанғанды құшағына алып сый-құрмет жасау – әр адамның міндеті», – деп жазуының себебі осы.

Байырғы қазақтар «Жаңа жыл» сөзін Сәкен Сейфуллин 1917 жылы жазған «Жаңа жыл» шығармасында: «Жаңа жылды қарсы ап тұр, Кәрі жас та, бала да», – деуі қазақтардың Наурызға «Жаңа жыл» атауын қоса қолданғанын нақтылай түседі.

Әлихан Бөкейхан («Қыр баласы») «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 9 наурыздағы №53 санында Наурыз мерекесіне орай жариялаған «Жаңа жыл» мақаласында бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан келіп, күнтізбелік есептің дәлдігін негіздеген. Қолданыстағы Юлиан мен әлі еңбеген Григориан күнтізбелері арасындағы 13 күндік айырмашылықты талдап, Шығыстың Жаңа жылының 9 наурызда сәйкес келуін түсіндіруді мақсат етті: «Бұл күнді парсы тілінде «Наурыз» дейді, Жаңа жылдың басы... Біздің қазақтың Жаңа жылы мартта болғаны адасқан емес. Жаңа жыл мартта болса, күн мен түн тең болғаннан бастау керек. Ескі стильде бұл күн 9-шы март болады», – деп тұжырымдады Әлихан Нұрмұхамедұлы.

НАУРЫЗ КӨЖЕ: БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТІН ДӘМІ

Наурыз көже – бұл жай тағам емес, Нол шаруашылық пен руханияттың тоғысқан нүктесі. Алаш зиялыларының деректеріне сүйенсек, бұл күні, яғни өз-Наурызда қан төгілмейді, жана мал сойылмайды: мұны «пышақ қандамау» салты дейді. Тек соғымнан сақталған малдың басы қазанға түскен. Бұл – қыспен қоштасу мен жазды қарсы алудың символы.

Бүгінде Наурыз туғанда киіз үй құрып, жағалай мал сойып, қазан асу үйреншікті жайтқа айналған. Ал бабалар салтының жөні бөлек еді. Мәшһүр Жүсіп «Наурыз» жазбасында: «Байырғы қазақ қоғамында «Наурызнама» жасауға шамасы келмегендер, жалғыз қой сойса да Наурыз күні ауылға дәм таттырам деп қамданған», – дегенде Наурызға дейінгі сойылған мал жайында айтылғанын аңғару қиын емес.

Тіске қатты болғанымен, қадірлі қонағына сүрленген ет ұсынылған, бұл сол үшін сақталған сыбағадай болған. Тек ауқатты,

берекелі отбасылар соғымын тауыса жеп қоймаған. Наурыз қарсаңында мал сою негізінен келдей-кепшіктің еншісінде болыпты. Мұның сыртында Наурыз мал төлдейтін уақытқа тұспа-тұс келетіндіктен, бұл уақытта шаруақор қазақ малдың басын кесуді обал санаған. Яғни, мұнда наным-сенім ғана емес, экономикалық прагматизм де бар. Наурыз көженің тек сүр еттің сорпасына пісіріліп, оған жаңа жылдың уыз сүтінің қосылуы – өткен жылдың ырыздығы мен келер күннің несібесін жалғаған қазақ әлемінің әсем нышаны іспеттес әрі далалық мал шаруашылығы мен жаратылыс заңының ғажайып үндестігін паш етеді.

Мағжан Жұмабаев «Жаңа мектеп» журналында жариялаған «Наурыз» мақаласында бұл ғұрыпты былай түсіндіреді: «Жаңа жыл күні қазақ әдетінше әр үйде қазан-қазан көже пісіреді. Көженің ішіне қысқы соғымның тек басы салынады. Көжеге көп сүт құйылады. Басты шекені қарттар мүжіп, құлақты балаларға кесіп беріп, басқа жұрттар көжені талап ішеді... Бұл көже ішу (сүт құйған) – келе жатқан жазбен ұшырасып, қарсы алып, ас ішу ретінен аққа (сүтке) көшу. Көжеге тек бас салып асып жеу – қарлы қыспен, қыс тамағы етпен (қызылмен) қоштасу», – деп түсіндіріп кеткен.

НАУРЫЗ – ҒЫЛЫМ МЕН ТАНЫМ МЕРЕКЕСІ

Көне түркі мен қазақ үшін Наурыз тек той-томалақ емес, табиғат құбылыстарын бақылаудың ғылыми тұжырымы болды. «Қазақ» газетінің «Наурыз құтты болсын!» редакциялық құттықтауында бұл мерекенің нағыз жыл басы екені ғылыми дәйектеледі: «9-шы мартта түн мен күн теңеледі. Күн ұзарып жылы бола бастайды. Күн жылыға айналғаны – жазға айналғаны. Сондықтан 9-шы март жаз басы болып табылады» (1914, №53). Қорыта келе, Мағжан Жұмабаев: «Бұл мейрамды тұрмыспен, ғылыммен байланыстырып, қоғамға игі іс жасайтын мейрам ету керек», – деп ой түйеді.

Сәкен Сейфуллин 1917 жылы 22 наурыз күні қазақ халқына жолдаған құттықтау сөзінде: «Ескі жыл өтіп Жаңа жыл, жаңа жаз келді», – деп, Наурыздағы табиғаттың жанаруын, халықтық белсенді тіршілігінің басталғанын, ел экономикасының жанданғанын меңзейді.

Әлемнің шын мәніндегі түлеп, жаңғыруы – өз-Наурыз мейрамымен тікелей сабақтас. Түп тарихқа үңілсек, өзге халықтар да ерте заманда көктем шуағын жыл басы деп таныған. Мәселен, ағылшын жұрты XVIII ғасырдың ортасына дейін Жаңа жылды 26 наурызда қарсы алса, көршілес Ресей христиандықты қабылдағанға дейін жыл басын 1 наурыздан бастаған. Ал қазақ халқы үшін Жаңа жылдың көктеммен бірге келуі – ежелден қалыптасқан жаратылыс заңы.

Ұлт зиялыларының пайымдауынша, күн мен түн теңесетін бұл киелі мезгілде қазақ елі қоғамдық қатынастарды да жаңартуға күш салған. Ел тізгінін ұстаған хан, сұлтан-дардан бастап, ауыл ақсақалдарына дейін ат құйрығын кесісіп, араздасқанды бір дастарқан басында табыстырған. Сөйтіп, Наурыз далалық «медиация институтын» қалыптастырған. Жетім-жесірлерді ел болып үйлендіріп, жеке отау тігіп берген. Кембағал, мүгедек жандарға шешпақпай жасамай, ауылы әлеуметтік қорған болған. Жаза басып, жаман жолға түскендерді ел талқысына салып, түзу жолға нұсқаған. Осынау парасатты құндылықтар бүгін де өз өзектілігін жойған жоқ, қайта қоғам үшін көкейкесті бола түсті.

Бүгінде Наурыз – тек байырғы дәстүр емес, жаңа қоғамды сауықтыру тетігі. Бұл күндері табиғат қана емес, адамдар арасындағы қарым-қатынас та жаңаруға тиіс. Қорыта айтқанда, Наурыз – біздің ұлттық бір дінгегіміз, Алаш арыстары аманат еткен рухтың символы. Оны ұлықтау – елдіктің, ал сақтау – бірліктің белгісі.



21 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ



Шығыс Қазақстан облысына қоныс аударушылар жұмыс орнында

Жалпы Шығыс Қазақстан облысында былтырғы 12 айда халықтың көші-қоны бойынша 4 323 мың адамдық теріс салыдо қалыптасты. Яғни, келушілерден кетушілер басым болды деген сөз. Облыс ішінде де урбанизация процесі байқалып отыр. 5 мыңнан астам адам тұрғылықты жерінен қалаға көшті. Бұл жағдай шекара маңындағы аудандарға ерекше назар аударуды қажет етеді. Аталған аудандардан халықтың көшіп кетуін тоқтату үшін бірқатар шара қабылдап, жүзеге асырылып жатыр. Мұндай шаралардың қатарына оңтүстіктен солтүстікке халықты көшіру бағдарламасы кіреді. Сонымен қатар облыста қабылданып, жұмыс істеп тұрған өңірлік «Шығыс шақырады» бағдарламасы да аталған стратегиялық мақсатпен үйлесетін бастама.

Статистикалық деректерге сөз жүгіртсек, 2017-2025 жылдар аралығында облысқа 2 209 отбасы, яғни 6 290 адам көшіп келді. Олардың 3 320-ы еліміздің өзге өңірлерінен қоныс аударушылар болса, 2 440-ы – шетелдерден көшіп келген қандастарымыз. Соның ішінде 1 784 адам немесе 570 отбасы Қытай Халық Республикасымен шекаралас аудандарға қоныстанды. Шырайлы Шығысқа келген азаматтардың көбі еңбек етіп, тұрмыстарын түзеп, аймақтың дамуына үлес қосып жатыр. Дегенмен қоныс аударған азаматтардың 20%-ы әртүрлі себептермен шыққан өңірлеріне қайта оралды. 2025 жылға 641 адамды қабылдауға квота бекітілді, оның ішінде 269 қандасты, жұмыс күші артық өңірлерден 372 қоныс аударушыны қабылдау жоспарланған болатын.

Жыл қорытындысы бойынша, облысымызға 794 адам көшіп келді. Олардың 269-ы қандас болса, 525-і – қоныс аударушы. Облысқа көшіп келген азаматтар ішінде

Шығыс Қазақстан облысы – көші-қон бағдарламасының негізінде қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдайтын өңірлердің бірі. Бұл бағдарлама еліміздің стратегиялық басымдықтарының қатарына кіреді. Сондықтан облыста «Шығыс шақырады» бағдарламасы қабылданып, жүйелі жұмыс істеп жатыр.

ШЫҒЫС ШАҚЫРАДЫ



жоғары білімді 82 адам, арнаулы орта білімді 110 адам, орта білімді 143 адам бар. Еңбекке жарамды 335 азаматтың 195-і жұмысқа орналастырылды. Бұл – қоныс аударушылардың ішіндегі еңбекке қабілетті азаматтардың 58%-ы.

2025 жылы көші-қон, тұрғын үйді жалға алу шығындарын өтеу және экономикалық ұтқырлық сертификаттарын қоса алғанда, жалпы сомасы 496 млн теңгеге мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді.

2025-2029 жылдар аралығында еңбек нарығының кадрларға де-

ген қажеттілігі 15 мыңнан астам адамды құрайды. Биыл облыста құрылыс, электр қуатымен қамтамасыз ету, тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу, білім беру, өңдеу өнеркәсібі, денсаулық сақтау, көлік және қойма, әлеуметтік қамсыздандыру тәрізді экономикалық басым секторларына 4 мың жұмыс күші қажет болып отыр.

Бұл ретте еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, ерікті қоныс аударуды ынталандыру, кәсіпкерлікті дамыту және шекара шебіндегі аудандардың жастарын кәсіби тұрғыда даярлау, халық санын көбейту мақсатында бірқатар жұмыс жүргізілді. Осыған орай, қоныс аудару бағдарламасына қатысушылардың ішінде қаладан ауылға көшіп келген отбасылардың кәсіпкерлік бастамаларын жандандыру мақсатында жергілікті бюджеттен қайтарымсыз гранттар беру ұсынылады.

Бұл гранттар жол бойындағы сервиске, туризмге, қонақүй шаруашылығына, өндірістік қызметке байланысты бизнесті ашуға берілетін. 2026 жылы 65 млн теңгеге 20 грант беруге мүмкіндік бар.

Шекара маңындағы аудандарда білім беру, денсаулық сақтау салаларындағы және нақты сектордағы бос жұмыс орындарына жоғары білікті кадрларды тарту мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Бұл ретте тұрғын үй сатып алуға жеңілдетілген пайыз мөлшерлемесімен ипотекалық несиелер беруді көздейтін «Шығыс маманы» пилоттық жобасы енгізілді. Пилоттық жоба шеңберінде несиелеу мерзімі 120 айға дейін, ипотекалық



қарыз жылдық 5% мөлшерлемесімен белгіленді. Бастапқы жарна ретінде 7 млн теңгеге экономикалық мобильдік ұтқырлық сертификаты беріледі. Бүгінде пилоттық жобаға жергілікті бюджеттен 100 млн теңге қарастырылған.

Ауылға көшіп келушілерге бұрын қолданыста болған үйлерді қайта жөндеп, оларды сатып алуға жағдай жасау қажет. Осыған байланысты бағдарлама негізінде «Құтты өңір» жобасы ұсынылды. Жоба шеңберінде ауылдағы бос үйлерді бюджеттен тыс қаражат есебінен жөндеп, көшіп келушілерге сатуға әзірлеу көзделген.

Жоба жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде аталған жоба Марқакөл ауданында қарқынды іске асырылып келеді. Бауыржан Жауғашаров есімді кәсіпкердің қолдауымен 5 үй қайта жөндеуден өткізіліп, көшіп келген отбасыларға берілді.

Ауылдардан, әсіресе шекара маңындағы аудандардан халықтың көшіп кету мәселесін шешу мақсатындағы тағы бір бастама – мектеп түлектерін жоғары білім алғаннан кейін туған ауылына қайта оралып, жұмысқа тұруларына ынталандыру. Білім саласын айтар болсақ, облыс бойынша 344 шағын мектеп бар, оның ішінде шекара маңындағы аудандарда 95 мектеп орналасқан. Бұл облыстағы шағын мектептердің жалпы санының 28%-ын құрайды.

Шекаралас аудандардағы 57 мектепте оқушылар саны жеткіліксіз болып тұр, бұл болашақта мектеп мәртебесінің төмендеуіне және халықтың көшіп кетуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты, ауыл мектептерінің жастары қатарынан жоғары оқу орындарында сұранысқа ие мамандарды даярлау үшін білім беру гранттарын бөлу жөніндегі жоба әзірленді. Жоба аясында әр грант алушыға 800 АЕК көлемінде қаржы қарастырылған. Қойылатын басты талап – оқуды аяқтағаннан кейін ауылда 5 жыл жұмыс істеу. Осы жобамен қатар «Дипломмен ауылға» және «Серпін» бағдарламалары іске асырылады.

Жергілікті бюджет тарапынан қарастырылған көмектен басқа қосымша республика көлемінде де оңтүстіктен солтүстікке көшкен азаматтарға қолдау шаралары да бар. Ең бастысы, ол – 7 млн теңге көлемінде қарастырылған баспана сатып алуға арналған сертификат. Жол шығындарын өтеуге отбасы мүшесінің әрқайсысына 70 АЕК мөлшерінде (302 750 теңге) қаржы көзделген. Баспана алмай, жалдап тұрушы-




ларға 12 ай көлемінде субсидия қарастырылған. Отбасы санына байланысты қалаларда 20 АЕК ауылдарда 15 АЕК көлемінде қаржы беріледі.

2026 жылы өңірге 800 адамды, оның ішінде 200 қандас және 600 қоныс аударушыны қоныстандыру жоспарланып отыр. Қоныс аударушыларды бейімдеу процесін цифрландыру – негізгі бағыттың бірі. Облыста қоныс аударушылар мен қандастарды бейімдеу және интеграциялау бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру туралы шарт аясында тиісті шаралар қабылданып жатыр. Жұмыстың орындалуы бойынша FSMSocial мобильді қосымшасында көрсетіледі. Облысқа келген қоныс аударушылар мен қандастардың жеке деректерін мобильді қосымшаның базасына енгізу, көрсетілген қызметтер бойынша фото және бейнефиксациямен есеп жүргізу, әрбір көрсетілген қызметке қатысты растайтын құжаттарды жүктеу бағытында күн сайын жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Әр отбасымен жеке жұмыс жүргізіліп, көрсетілуге тиіс қажетті қызмет түрлері анықталады. Сонымен қатар қоныс аударушылар мен қандастарды цифрландыру жұмыстары қолға алынған.

Қоныс аударушылардың жұмыспен қамтылуын және еңбек қызметін бақылауға, жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасауға, туындайтын әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуге ерекше назар аударылады. Қоныс аударушыларға жан-жақты қолдау көрсетіледі, оның ішінде жұмысқа орналасуға көмек көрсету, әлеуметтік төлемдерді алу, тұрғын үймен қамтамасыз ету және мемлекеттік қолдауды басқа да шаралары бойынша консультациялық көмек беріледі. Қысқасы, «Шығыс шақырады» бағдарламасы – Төр Алтай аймағына қоныс тебуге ниеттенген отандастарымыз бен қандастарға зор мүмкіндік беретін бастама.

А.СҰЛТАН





21 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Әдебиетіміздің абызы Әкім Тарази қаламы биік жазушы әрі халыққа шексіз сүйіспеншілікпен қараған дара тұлға еді. «Жазушылықтың азап екенін сезінбей, шын жазушы бола алмайсың» дейді қаламгер. Оны халық шын жазушы деп бағалайды. Әр туындысынан халыққа деген махаббат пен адалдықтың, достыққа берілген шынайы үлгінің иісі аңқып тұрады. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Әкім Тарази жайлы жылы естеліктерді еске алып, жары, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқановамен сұхбаттасқан едік.

— Әкім Тарази — қазақтың жайып тұлғасы еді. Әдебиеттегі биігі бір бөлек, адамгершілік келбеті бір басқа, ғажап адам болғанын қатарластары да, әдебиеттегі іні-қарындастары да жиі жазды. Сіз үшін (жарыңыз ретінде) Әкім аға қандай тұлға болды?

— Әкім ағанды мен ЖАЗУШЫ деп қараймын. Кез келген адам әке бола алады, жар да бола алады, біреуге аға, біреуге іні болады. Бірақ екіншісі бірі жазушы бола алмайды. Жазушы деген — тағдырдың сыны да, сыйы да. Жазу — ләззат қана емес, даңқ қана емес, белесі бар, төбесі бар, келдір-бұдыр бұралаң жолы бар. Сол жолда қаламды ғана місе тұтқан тағдыры бар.

Көпшілік жазушының заңын танығанымен, өзін танымайды. Әкім Тарази мені өзіне ұқсатты, мен де Таразиды өзіме ұқсаттым.

«БЕС ТАПАЛ» ҚЫЗЫҚ АДАМДАР ЕДІ

— Әдебиеттегі бес тапалдың достығы туралы аңыз да, әңгіме де көп. Әсіресе, Сайын Мұратбеков пен Қалихан Ысқақ туралы естеліктерін оқығанда, сүйсініп те, қызығып та қаламыз. Әдебиеттегі бес алыпты жақын қылған, дос қылған қандай қасиет еді?

— Әкім Тарази мәңгілікке аттанған соң, менің сырласым, ең жақын досым, ақылшым ол кісінің күнделіктері болды. Сол күнделіктерінде «бес тапал» жайлы өте көп жазылған. Әкім ағанның Сайын мен Қалихансыз бір күні өтпегендей. Бәрі бірге бір үйде тұрғандай, бірге өмір сүргендей, бір үйдің баласындай, бір қолдың сағасындай болғаны. Бір-біріне жанашырлығы, әзіл-қалжыны, кешірімі, сағынышы, мойындауы... Осыншалық жақындықтарын оқи отырып, еріксіз ойланасың, елжірейсің.

Әкім ағанның «Негртепкен» деген эссесі бар. «Ол негрді тебуге арналған аяқ емес еді, ол Рамазан Токтаров деген досымызға арналған аяқ еді» деп майор Сариевке Әкім ағанның түсініктеме жазатын тұсы осы. Бұл іске Димекеннің өзі араласып, ол кісіге Мәскеуден Громько телефон шалып, Қазақстанда ұлтшылдықтың бар екені «әшкерә» болып, іс әбден насырға шапқан ғой. Сөйтсе, әлгі тебілген негр Мозамбик республикасының кәсіподақ ұйымының төрағасы екен. Сайын ағам бір жігіт арқылы Әкімге телефон шалады: «Мен Фрунзе ауданындағы милицияда қамаудамын. Шашымды тақырлатып алып тастады» десе керек. Ол кезде қызметтегі адамның шашын сыпырып

алып тастау деген қорлық, трагедия. Содан Әкім, Рамазан, Қалихан үшеуі де шашты тақырлатып алдыртып, бір шелек көже жасатып, қамаудағы Сайын ағам алып барған ғой. Жалғыз өзі шаштан да, беделден де айырылып қамауда құлазып отырған Сайын ағам досын көріп күлімдеп қарсы алады. Бұлар содан бастап, жаз шыға шаштарын сыпырып алып тастауды әдетке айналдырған. Бұл әрекетті партия ұйымы да, Жазушылар одағындағы коммунист ағалары да ұнатпай, «хувейбиндер!!!» деген атқа телінетіндері осыдан шыққан.

«Бес тапал» расында қызық адамдар еді. Әкім ағаларың он төрт жылдай салт жүріп, өзінен 31 жас кіші маған үйленді. Ол кезде қоғам мұндай «жаңалықты» қабылдамайтын, «феодализмнің сарқыншағы», «қараңғылық», «жүгенсіздік», «онбағандық», тағы

көңілді келеді. Ертеңінде тым-тырыс, одан арғы күні де тым-тырыс. Әншейінде таң атпай тастаяқ қағыстырып, тау кезіп кететіндер жым болған сынайлы. Ақкөңіл, адал ағаларым аңқылдап барып, жеңгелеріме ашығын айтып қалып, ауыздары күйіп, Әкім Тарази досыммен араласудың өзі мұң болып қалған жайы бар. Жеңгелерім «Әкімге ермейсің, бұзыласың!» деп қанша қап-қылдаса да, олар жасырынып келіп, біздің үйде болатын, арқажарқа әңгіме құратын.

— Қалихан Ысқақтың «Келмес күндер елесінде» осындай қызықты күндерін, достықтарын әдемі береді. Әкім аға ше? Бес алып туралы не айтатын еді?

— Рамазан Токтаров: «Әкім — біздің кемеңнің капитаны» дейтін. Кеме капитаны достарына қамқор, достарының ауыртпалығын өз мойнына жүктейтін, жауапкершілік артқан тұлға ғой. Әкім ағаннан достарының бәрі көп қолдау көрді. Себебі Әкім жоғары қызметте болды, қолында билігі болды.

«Менің қызметімнің қызығын көрген Қалихо пен Рамзай» деп әзілдейтін. Көлігі бес тапалдан босамай, өзі жаяу жүретін. Достарының бәрі Әкімнің алдында өмірден кетті. Ол кемеде жалғыз қалған капитандай құлазыды. Достарын сағынғанда

олардың кітаптарын қолына алып, алақанымен аялап, әр сөйлемін шұқшия оқып, астын сызып, іштей сөйлесіп отыратын. Кейбір тұстарда жымып, достарының дауысын естіп отырғандай көңілденетін.

— Сайын Мұратбеков «Басында Үшқараның» деген әңгімесін Әкім досына арнағанын білеміз. Ағаның достарына арнаған көркем дүниесі болды ма?

— «Басында Үшқараның» әңгімесін неге Әкімге деп арнағанын оқырман қауым да, әдебиет зерттеушілері де біле бермейді. Оның сыры бар. Әкім Таразидың «Аяз бен Бибі» әңгімесін оқыған адам «Басында Үшқарамен» ұқсастықты байқайды. Мұндағы диалогтар кино тілінің тәсілінде жазылған. Диалог табиғатын образ жасауға шеберлікпен енгізуді прозаға әкелген — Әкім Тарази. Бұл менің сөзім емес,



Роза МҰҚАНОВА,
жазушының жары:

ЖАНЫМДА КҮНДЕЛІГІ

Әкім Тарази шығармаларына қатысты Мұхтар Мағауиннің сөзі. Расында да, солай. М.Әуезовтің «Қараш - қараш оқиғасы» повесінің киносценарийін жазған Әкім ағанның стилінен де мұны айқын аңғарасың. Оқиғаны диалогқа құру шеберлігі кинода бүгінге дейін күрделі. Әкім Тарази сарыла баяндаудан, әспеттеп суреттеуден, сөзден-сөз тудырғанды қызықтап кетпейді. Сондықтан дәстүрлі әдебиеттің бағытынан өзге жол тапты. Бәлкім, оқырман үшін сонысымен де ерекше. Сайын аға «Басында Үшқараның» әңгімесінде Әкімнің осы диалог құрудағы шеберлігіне еліктеген. Аталмыш әңгімені Әкім Таразиға арнауының шынайы себебі «Аяз бен Бибі» әңгімесінің Сайын Мұратбековке әсері болғандығы.

ЖАНЫ ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫ ЖАҚСЫ КӨРДІ

— Әкім ағаның Андрей туралы әңгімесінде айтылмай қалған ойлар жоқ па?

— «Андрей» арқылы Әкім Тарази өте күрделі мәселені қозғады. Қазақ әдебиетінде көтерілмеген тың тақырып. Бірақ байқайсыз ба, тақырыпты жалаулапайды, геноцид деп алаулапайды, инемен шабақтағандай, төбе-құйқаң шымырлайтындай жазылған. Ұлтқа жасалған қиянатты Манананың образы арқылы көрсетеді. Манананың трагедиясына ортақтасқан болып, бір ұлттың басынан өткен нәубеттің сырын ашады.

«Андрейден» ұлттың жан жарасын, ұлтты жоюдың небір китүрқы әдісін, аз ұлттардың басынан кешкен ортақ трагедиясын көреміз. Автор еклінді қайда қою керектігіне, қалай қою керектігіне шебер. Автор қазақ жайлы бірде-бір сөз айтпайды, Манананың образы

арқылы қазақты танысың. Бұл шығарманы Тарази 80 жасында жазды. Неге осынша жасында ұзақ ұстағанын кім білсін... Кеш жазылса да, қазақ әдебиетінің олжасына айналғаны рас. «Андрей» — спектакльге де, киноға да сұранып тұрған өзекті тақырып.

— Отбасынан жырақ, Сайын ағаның үйін паналап, біраз уақыт жалғыз жүрген екен. Сізді сол уақытта кездестірді ме? Екі бірдей шығармашылық адамын табыстырған не нәрсе?

— Әкім ағам: «Тәкен аға (Әлімқұлов) екеуіміздің бағымызға Жазушылар одағының шығармашылық үйі салынды» деп есіне алатын. Негізі, Әкім Тарази басшы қызметте болғандықтан, тұрмысы өте жақсы болған. Ол кісіде бәрі болды, қызмет те, үй де, күй де, бедел де... Бірақ сол өміріне көңілі толмады, жаны дауаламады, үнемі қашып жүрді, жалғыздықты жаны жақсы көрді, бәлкім, жазушы болғандықтан болар.

«Жігіт ағасы атанып, қырық жеті жасқа толғанда тағы қаштым, елу төрт жасымда стандарттан құтылуға және бір құлшыныс қасымды: Алла жар болып, бұл талпынысым мақсат биігіне анық жол ашқан сияқты. Өмірлік серігім де өзіммен кәсіптес, өзіммен армандас. Сонымен бар ғұмырым қашумен өтіп келеді. Қашқанда — құтылып, іздегенде — тауып жүргенге не жетсін! (Әкім Тарази «Тәж» кітабы, «Өзім туралы», 2003 ж.).

Ол кісі жалғыздыққа құмартты, жалғыздықты қызықтады, өзін сактаудың жолы — жалғыздық деп түсінді. Ақырында жалғыздықтың да қашты. Қашу, қашу... Адам ақиқатты іздеп қашады. Сана түкпірінде өтірік өмірді, алдамшы тіршілікті, көзбояушылықты, сатқындықты анық сезінген кезде қашатын болар.

Өзінің айтқаны бар еді, «елде мұғалімнің, жас отбасымын... Еш-



кімге айтпай, ата-анамнан да жасырып, әскерге сұранып кетіп бара жатқан жерімнен папамның досы: «Әй, сен Үкеннің баласымысың?» деп, папама хабарласып, мені жолдан түсіріп алып қалды. Сонда әкем: «Отбасыңнан қашудың жолы бұл емес, балам!» деді. Ұстаздық қызметімді тастап, ауылдан Алматыға қаштым, Алматыдан Мәскеуге қаштым...» дегені бар.

— Ағаның жазу машығы қандай еді? Күндіз, түнде?..

— Күніне жарты бет болса да, тіпті екі сөйлем болса да жазатын. Жасы тоқсан екіде болса да, соңғы сағатқа дейін қолынан кітабы мен қаламы түспей кетті. Ғажап адам.

Жай жатып, ерте оянатын. Серуендегенді жақсы көрді. Өзін-өзі қатты сынға алатын. Дастарқан басында отырып алып ұзақ сөйлейтіндерге ыза болатын, уақытты өлтіріп отырғандарға күйінетін. Сөйте тұра, өзінің ерекше жақсы көретін, ұғысатын адамдары болды, оларға уақыт өлшемін аямай жомарттық жасайтын. Оның ішінде мен де бармын...



Әкім Тарази, Сайын Мұратбеков, Калихан Ыскак, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев, Фариза Оңғарсынова «коммуналка» үйлерде көпшілікпен бірге ортадан төмен, қоңыр күй кешкендер. Намысына тырысып, бәрі де «бәрі арығын білдіртпей» ғұмыр кешіп өтті дү-

реаты, Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткер, «Құрмет» орденінің иегері, Халықаралық «Кафка» сыйлығының лауреаты еді ғой.

Әкім ағаның «Қорқау жұлдыз» романының ағылшын тіліне аударылуын және Англияда жарық көруін қамтамасыз еткен

тың. «Қазақтың саны қаншаға жетті?» Ол кісінің жазу үстелінде қалған мына жазуларды мысалға келтіре аламын, қарап көріңіз:

«Ресейде 667 мың, Өзбекстанда 2 млн, Қытайда 1 млн 462 000, Қазақстанда 11.750.000, Орынборда 136 мың» деген жазбалар.

— Мен кейде ойлаймын, жазушының құны оның отбасының ғана құндылығы емес қой. Ол кісінің күнделіктерін рет-ретіріп жатырмын, қолжазбаны компьютерге теру де оңай жұмыс емес. Денсаулығымға байланысты бірде жұмыс жүреді, бірде тоқырап қалады. Күнделік — жазушының сыры, табиғаты, болмысы. Ол жас жазушылар үшін, киносценаристер үшін құнды. Жазушының көркем шығармасы бөлек, күнделіктері мүлде бөлек. Маған ол кісінің күнделіктері өте қатты ұнайды. Өзі бар кезде де айтатын едім. Бәлкім, өзім туралы өте көп жазылғандықтан болар. Мен, тіпті Таразидың күнделіктерін жариялауды оқырманнан қызғанамын. Себебі КҮНДЕЛІК — тірі, жанды, эмоциялы...

— Ағаның жазам деген дүниесінің бәрі қағазға түсті ме?

— Иә, ол кісі он үш том шығармалар жинағын толық шығарды. Әңгіме, повесть, романдары, драматургиясы, киносценарийлері, аудармалары. Өзі он үш санын жақсы көретін. Ал мақалалары мен сұхбаттары, күнделіктері жарыққа шыққан жоқ. Ол кісіге: «Күнделіктеріңізді жариялауға рұқсат бересіз бе?» деп сұрағаным бар. «Жариялауға болар, саған сеніп тапсырамын!» деді, бірақ ол күнделіктерді қалай шығаруға болады, оған кім демеуші болады, білмеймін... Үлкен жұмыс. Орыс әдебиетінде де, әлем әдебиетінде де жазушының күнделіктері ең құнды шығармасы ретінде бағаланады. Көрерміз...

— Ұлы мен қызының жазушылық жолды жалғағанын қалайтын ба еді?

— Алпамыстың мамандығы инженерия болғанымен, бала кезінен әдебиетке, тарихқа құмар. Бірде бізге шетелден көтеріңкі көңіл күйде хабарласты. Қуанышының себебін сұрағанымызда, жазып жүрген шығармасы жайлы айтып қалды. Әкесі екеуіміз Алпамыстың жазатынын сонда бірақ білдік, ол өзі де байқамай айтып қалды. Ағылшын тілінде жазады. Мәселе жазушы болар, болмас, бірақ жаза білу, жазудың ләззатын сезіну, құдіретін сезіну ерекше қасиет деп білемін. Балалардың жазушы болғанын аған да, мен де қалаған жоқпыз. Ғылымға ден қойғанын, нақты мамандық иесі болғанын қаладық.

— Ал Алпамыс пен Арузаның бойынан ағаға тән қандай қасиетті көресіз?

— Екеуі де ағаға қатты ұқсайды. Салмақты, сабырлы балалар.

— Тарази мектебі ше? Жалғасып жатыр ма?

— Шәкірттеріне ризамын. «Шәкіртсіз ұстаз — түл!» деген. Ағаның шәкірттері Әкім Тарази шығармаларымен ауызданды, теренірек оқып таныды, ұстаздың алдын көріп өсті. Жақында TARAзи club құрылды. Бұл игі бастамаға себепкер болған ұйымдастырушы, мемлекет және қоғам қайраткері — Әлихан Бәймен. Болашақта осы клубтың төнірегінде игілікті жұмыс атқарамыз деп ойлаймыз.

— Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

МӘНЦІЛІК СЕРІГІ — ҚАЛДЫ



АРМАНЫ — ҚАЗАҚТЫҢ САНЫНЫҢ ӨСУІ БОЛДЫ

— Толстойдың «Ясная поляна» орыс жазушыларының ортақ әдебиет үйіне айналды. Қазақ жазушыларында сондай ортақ үй болса деген ой болды ма?

— Қазақ жазушыларының тұрмысының мүшкіл болғанына қатты намыстанатын. Мүшкіл дегенді «мүсәпір» деген мағынада айтып отырмын. Қазақ жазушыларына ешкім пана болған жоқ. Қазір ойлап қарасам, 100 жылда музей боларлық дәрежеде бірде-бір жазушының өзі тұрған, өмір сүрген тұрмыс салтын көрсететін ҮЙІ жоқ екен. Өйткені оларға үй салып алатындай еңбекақысы, қаламақысы берілген жоқ. Класиктердің барлығы дерлік билікке алақан жайып өткендер. Мұқағали Мақатаев, Бердібек Соқпақбаев, Тәкен Әлімқұлов, Кемел Тоқаев,

ниеден. Тоғышарлардан мемлекетке не қалады, қаймана қазаққа тоғышарлардың қандай еңбегі қалды?.. Ал жазушылардан қалған мұра — балабақшадан, мектеп оқушылары мен студенттерге дейін жетіп, халықтың мұрасына айналып кетті емес пе? Арасы Жер мен Көктей емес пе?..

Жазушы өлгеннен кейін оның есімін ұлықтап, мәңгі есте сақтау үшін тұрған үйі қайта салынбайды ғой, «Өлдің Мамай, қор болдың...», жазушыны тіршілігінде қолдау керек.

Жазушыларды мемлекет жалға алған жоқ!!! Жазушы күнде тумайды. Жазушы елу жылда бір туса туар. Жазушыны құндылық деп ұққан жөн.

Әкім Тарази 75 жасқа дейін (62 шаршы метр) екі бөлмелі үйде тұрды. Шығармаларын жазу үшін пәтер жалдайтынбыз. Ол кезде Мемлекеттік сыйлықтың лау-

Қасым-Жомарт Кемелұлы болды. Ол кісі Сыртқы істер министрі еді. Бүгінде қайсы Сыртқы істер министрі жазушыға осындай мүмкіндік жасай алды?

«Қорқау жұлдыз» романы әйгілі Amazon баспасында жарық көріп, алғашқы айларда-ақ миллионнан аса тиражбен дүниежүзіне тарады. Демек, қазақ әдебиеті, қазақ жазушысы әлемдік сұранысқа ие! Бірақ оның құнын кім біліпті, кім сұрыптапты, кім бағалапты...

Егер Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекет басшысы болмағанда, Әкім Таразидың «Еңбек Ері» атағын алуы да неғайбыл еді.

Әлі есімде, Әкім Таразидың 90 жылдығы қарсаңында бір министрдің шабына шок түскендей,



«Қорқау жұлдыз» романы әйгілі Amazon баспасында жарық көріп, алғашқы айларда-ақ миллионнан аса тиражбен дүниежүзіне тарады. Демек, қазақ әдебиеті, қазақ жазушысы әлемдік сұранысқа ие! Бірақ оның құнын кім біліпті, кім сұрыптапты, кім бағалапты...

«мұндай іс-шараны өткізе алмаймын» деп бас тартқаны. Ол, тіпті біздің классик жазушыларымыздың затын да, атын да, шығармаларын да білмейтіні көрініп тұратын.

— Шынымен, жазушының ең үлкен арманы қандай еді? «Армансыз адам — ақымақ адам» дейтіні бар екен.

— Арманы қазақтың санының өсуі болды. Әкім ағаның маған жиі қоятын бір ғана сұрағы бола-

Қазақ — 21.942.000. (Өсім — 289.363) 2020 жыл» деп қолын қойыпты да қағаздың бір бұрышына «Зейнетақы: 168 мың 182 тенге» деп көрсетіпті.

Міне, Таразидың арманы. Ол халкын сүйді. Халкының тағдырын өз тағдырынан, беделін өз беделінен жоғары қойды. Мұндай адамдар өте сирек. Ұлтты сүюден гөрі пайдалануға, тұлғаны құрметтеуден гөрі қорлауға бейім қоғамда өмір сүріп жатырмыз.

— Ал ағаны не қуантатын еді?

— Алпамыс пен Арузаның, менің жетістіктеріме қуанатын.

— Әкім Таразидың пьесалары театрларда көп қойылмай кетті. Неге?

— Өткен жылы Мәдениет министрлігіне ұсынысымды айттым, театрға қаржы бөлер деп үміттенемін. Өкінетінім, өзі бар кезде «Махамбет» пьесасы қойылмады. «Махамбет» жаңа драматургияның бастауы еді. «Махамбет» — қазақтың санасына сілкініс жасаған шығарма. «Махамбеттің» жазылғанына 20 жылдан асып барады.

МАҒАН ОНЫҢ КҮНДЕЛІКТЕРІ ҰНАЙДЫ

— Жазушының «Әдебиетті ұлықтағанда ұлт ұтады» деген әдемі сөзі бар. Әкім ағаның шығармалары жиі ұлықталып жүр ме?

— Қазақ халқы аман болса, қазақ өз тілінде сөйлейтін болса, Әкім ағаның шығармалары ұлықталады да әрі мәңгі жасайды да. Қазіргі қоғамда жазушылардан гөрі жазармандар басым. Біздің билік басындағы жігіттер жазушы мен жазарманды ажырата алмайды, құлақтарына кім сыбырласа, соның сыбырынан әріге аса алмайды. «Көп айтса көнді, жұрт айтса болды — Әдеті надан адамның» (Абай).

— Ағаны аялап, ардақтап күт-тіңіз. Бабын жасадыңыз, бағын да аштыңыз деуге болар (Еңбек Ері атанды). Қазір ол кісі жоқ. Артында қалған мол мұрасын насихаттау тарапында қандай да бір іс-шаралар бар ма?



21 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

ЕЛ ҚОРҒАУ – ЕРЛЕРДІҢ ІСІ

Көктемнің алғашқы айы азаматтарды Отан алдындағы әскери борышын, конституциялық міндетін орындауға шақыратын кезек. Наурызда көктемгі әскерге шақыру науқаны басталады. Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы Жарлығы да шықты. Сөйтіп, Қазақстан армиясы жас сарбаздармен толығады.

Президент «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2026 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлыққа 16 наурызда қол қойды. Жарлыққа сәйкес, 17 наурыздан бастап қалалық және аудандық шақыру комиссиялары әкімдердің орынбасарларының төрағалығымен азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды бастады.

Жоспарда 30 маусымға дейін 18-27 жас аралығындағы 21 мыңнан астам азаматты Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қатарына шақыру көзделген. Әскер қатарына алынатын азаматтардың 11 мыңнан Қарулы Күштерге, 7 мыңнан астам адам ПМ Ұлттық ұланына, 2 мыңға жуық адам ҰҚК Шекара қызметіне, 400-ге жуық адам Төтенше жағдайлар министрлігіне, 300 адам Мемлекеттік күзет қызметіне жіберіледі. Бұл туралы Қазақстан Қарулы Күштері Бас штабы



Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің бастығы генерал-майор Алмас Исабеков атап өтті.

Генералдың сөзіне қарағанда, азаматтарға шақыру SMS-хабарлама және eGov порталындағы хабарландырулар арқылы кемінде үш күн бұрын жіберіледі. Мұндай хабарламалар ресми шақыру болып есептеледі. Шақырту алған азамат жергілікті әскери басқару органына немесе шақыру пунктіне келуге міндетті.

Қорғаныс министрлігі әскери есепке алу процесін автоматтандырып, «Smart военкомат» жобасын жүзеге асырып жатыр. Бұл жүйе шақырылушылар мен әскери міндеттілердің жеке есебін жүргізеді, азаматтар тұрғылықты жерін өзгерткен кезде автоматты түрде әскери есепке қояды, 17 жастағы жасөспірімдерді әскери есепке тіркеуді, сондай-ақ шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босатуды автоматты түрде рәсімдеуді қамтамасыз етеді.



Осылайша, 2025 жылы 457 мыңнан астам адамға кейінге қалдыру берілді. Әскерге шақыру туралы бұйрықтар электронды форматта ресімделетінін атап өту керек. Бұл әскери қызметшілерге несиелік демалыс беру үшін мәліметтерді кредиттік бюроларға автоматты түрде жіберуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар шақырылушыларды медициналық куәландыру кезінде қолданылатын «E-Medosмотр» медициналық жүйесіне интеграция енгізілді. Қазіргі уақытта цифрлық медициналық тексеру Астана, Шымкент қалаларында, Алматы, Батыс Қазақстан және Жетісу облыстарында кеңінен қолданылады. Бұл ретте 2025 жылы 17 мыңнан астам шақырылушы медициналық куәландырудан цифрлық форматта өткенін атап өту керек.

Мөткеріп жүрген азаматтарға мемлекет тарапынан бірқатар қолдау шарасы қарастырылған. Атап айтқанда, оларға несиелік демалыстар беріледі, сондай-ақ ҰБТ нәтижелерін есепке алмай, жоғары оқу орындарына мемлекеттік білім беру

гранттарымен түсу мүмкіндігі беріледі.

— 2023 жылдан бері 9 мыңнан астам сарбаз ҰБТ тапсырмай, жоғары оқу орындарына түсті. Тек 2025 жылдың өзінде бұл мүмкіндікті 3 300 әскери қызметші пайдаланды, — деп атап өтті генерал-майор Алмас Исабеков.

20 мыңнан астам әскери қызметшіге негізгі қарыз бен сыйақы бойынша шамамен 8,8 млрд теңге көлемінде несиелік демалыс берілді. Сонымен қатар қызмет барысында сарбаздар Қарулы Күштердің түрлері бойынша кіші мамандар даярлайтын оқу орталықтарында жұмысшы мамандықтарын меңгере алады.

Бұл бөлек, генерал-майор Алмас Исабеков дәлелсіз себептермен жергілікті әскери басқару органдарына келмеу Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жауапкершілікке әкелетінін атап өтті. Ондай жағдайда азаматқа әкімшілік шаралар қолданылуы мүмкін. Ал шақырудан жалтарған жағдайда, қылмыстық заңнама нормаларына сәйкес жауапкершілік қарастырылған.

А.СҰЛТАН

Елордада Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын мерекелеу аясында отбасылық «Ұлы Дала ойындары» ұлттық спорт түрлерінен эстафетасы өтті. Бұл сайыс, негізінде, команда бойынша ата-ана мен балалардан құралған топ қарсыластарымен бақ сынасты.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Астанадағы Qazaqstan жеңіл атлетикалық спорт кешенінде Наурызана онкүндігі аясында Ұлттық спорт күніне арналған отбасылық «Ұлы Дала ойындары» фестивалі ұйымдастырылды. Аталған эстафета үш кезеңнен тұрады. Әр командада әке, ана және 8-10 жас аралығындағы баласы бар отбасылар қатысты. Командаларды тіркеу онлайн жүзеге асырылды. Бұл сайыста қазақтың ұлттық ойындары ойнатылды. Жалпы, «садақ ату», «қошқар көтеру», «ләнгі тебу», «шалқұймақ», «бесасық», «арқан тарту» сияқты тағы да басқа ойындар бойынша сайыстар болды.

Эстафета құрылымы да ерекше. «I кезең» ұлттық спорт түрлері бойынша отбасылық эстафетасы болды. Әр команда мүшелері жеке эстафеталардан өтті. Әкелер эстафетасы бойынша «садақ ату»,

ОТБАСЫЛАР БАҚ СЫНАДЫ



«қошқар көтеру», «нарқұдық — тандалған салмақты көтеру», «ләнгі тебу», «сыйлық сандығы» — кілтті тауып, қаппен бірге мәреге жету.

Аналар эстафетасы да өзіндік айрықшалығы бар. Дәлірек, «шалқұймақ эстафетасы — басындағы тостағанмен қашықтықты өту», «лабиринт — темір шарикті лабиринт арқылы өткізу», «хан арқан — сақиналарды тіректерге дәл лақтыру», «бес асық — дәстүрлі асық ойыны», «үлкен қасық асық — асықтарды үлкен қасықпен жинау» болып бірнеше бөлікке бөлінді.

Ал балалар эстафетасы жасөспірімдердің ыңғайына, бейіміне

қарай сәл оңтайланған. Нактырақ айтқанда, «асық ату — шенберден асықтарды ату», «арқан Board — арқан үстінде скейтбордпен жүру», «көкпар Kids — балаларға арналған көкпар ойыны», «асық табу — нөмір бойынша асықтарды жинау», «jump with қап — қаппен секіру жарысы».

Сондай-ақ «II кезең» — интерактивті жарыстар, AI технологияларын қолданатын заманауи сынақтар ретінде жалғасты. Ал «III кезең» — финалға жетіп, арқан тарту бойынша командалық сайыспен түйінделді.

Айта кетейік, Ұлттық спорт күніне орайластырылған фестивалды Астана қаласы әкімдігінің

қолдауымен елордалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырды. Фестивальдың ерекшелігі — оны «Жасанды интеллект жылы» аясында ұйымдастыру, бұл шараға жаңа технологиялық элементтерді енгізуге мүмкіндік берді. Қатысу тегін, ал барлық жеңімпаз бен жүлдегерлер бағалы сыйлықтарға ие болды.

Жарыстың мән-маңызы, оның «Наурызана» және «Жасанды интеллект жылына» байланысы жайында Астана қалалық спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясының басшысы Азамат Белгібаев ой бөлісті.

— Бұл отбасылық эстафетаны біз екінші жыл қатарынан өткізіп келеміз. Биылғы фестивальдың ерекшелігі — оның Жасанды интеллект жылы аясында өтуінде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялаған болатын. Осыған

байланысты біз Наурыз мерекесін жаңа форматта өткізіп отырмыз. Фестивальға қатысушыларды жасанды интеллект элементтері енгізілген үш кезеңнен тұратын жарыс күтіп тұр. Әр команда үш адамнан — әке, ана және баладан құралды. Жалпы, қатысушылар саны шектеулі, барлығы 12 команда. Қатысушылар мен жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар беріледі. Шараны тамашалайтын көрермендерге кіру тегін. Қала тұрғындары мен қонақтарын іс-шараға белсенді қатысуға шақырамыз», — деді дирекция басшысы.

Сонымен қатар жарыс қатысушылары да өздерінің көңіл күйімен, жарыстағы айшықты сәтіммен бөлісіп, пікір білдірген болатын. Мұндай отбасылық сайысқа алғаш рет қатысып отырғандар да бар екен. Соның бірі — Саябек есімді отағасы. Ол жарыстың тартысты өткендігін мәлімдеді.

— Біз мұндай отбасылық жарысқа алғаш рет қатысып отырмыз. Өте тартысты өтті. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Қарсыластарымыз да оңай берілетін жандар емес екен. Өзімнен бірге 8 жасар Саялы есімді қызым екеуміз бар күш-жігерімізді салдық. Мұндай жарыстар алда тағы да болады деп сенеміз. Наурыз мейрамы құтты болсын! — деді жарысқа қатысушы.

Айта өтейік, бұл жарысты қазақтың ұлттық мерекесі — Наурыз мерекесі қарсаңында өткізу әдетке айналған. Биыл 2-ші рет қатарынан ұйымдастырылды.



Нүркен МЕРҒАЛИЕВ (фото)



ТАСҚЫННЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Шығыс Қазақстанда көктемгі су тасқынына дайындық қызу. Қазіргі уақытта тасқынның бірінші кезеңіне белсенді әзірлік жұмыстары жүргізіліп жатыр.



Көпжылдық бақылауларға сәйкес, су тасқынының бірінші кезеңі өзендердің мұз құрсауынан ашылуы кезінде, яғни наурыз айының екінші онкүндігінің соңынан сәуір айының екінші онкүндігінің аяғына дейін байқалады. Осы кезеңде Қара Ертіс, Үлбі, Бұқтырма, Күршім, Абылайкит, Ақсу өзендерінде мұз кептелістерінің болу қаупі бар.

Облыста І ақпаннан бастап жоғары дайындық режимі енгізілді. Төтенше жағдайлар департаментінде жедел штабтың тәулік бойғы кезекшілігі ұйымдастырылған. Су басу қаупі бар әр елді мекен бойынша жергілікті атқарушы органдардың, қалалар мен аудандардың төтенше жағдайлар бөлімдерінің жауапты тұлғалары бекітілді.

Жалпы, Шығыс Қазақстанда су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары алдын ала басталған. Әуелі тасқынға қарсы іс-шаралар жоспары әзірленді.

2025 жылдың жаз-күз мезгілдерінде инженерлік жұмыстар жоспарына сәйкес 10 қала, ауданда 28 іс-шара орындалды. Атап айтқанда, Риддер қаласында – 1, Глубокое ауданында – 5, Катонқарағай ауданында – 4, Самар ауданында – 1, Марқакөл ауданында – 3, Алтай ауданында – 3, Үлкен Нарын ауданында – 1, Шемонаиха ауданында – 8, Ұлан ауданында – 3, Күршім ауданында 1 іс-шара ұйымдастырылды.

Осы жылдың 9-15 ақпаны аралығында жергілікті атқарушы органдардың су тасқыны кезеңіне дайындығына жұмыс топтары тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша акти-

лер жасалып, қажетті ұсыныстар берілді.

Ақпан айының үшінші онкүндігінен бастап каналдарды, арықтарды, су өткізу құрылыстарын және көпірлерді тазарту бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Бүгінде су тасқынына қарсы іс-шаралардың 84,4%-ы орындалды. Айталық, каналдардың – 81,8%-ы, арықтардың – 74,3%-ы, су өткізу құрылыстарының – 86,1%-ы, көпірлердің 90%-ы тазартылды.

Елді мекендерден 335 мың текше метр қар шығарылды. Материалдық қорлар да сакадай-сай тұр. Қорда 82 мың дана ыдыс-қап, 10,2 мың тонна инертті материал, 393 тонна жанар-жағармай бар.

Су тасқынының алдын алу мақсатында 7 аудан, атап айтқанда, Алтай, Марқакөл, Үлкен Нарын, Күршім, Шемонаиха, Катонқарағай, Глубокое аудандары әкімдіктері мұз кептелісі болуы мүмкін 20 учаскені анықтады. Бекітілген кестеге сәйкес, Шемонаиха ауданындағы 2 учаскеде, Марқакөл ауданындағы 5 учаскеде және Алтай ауданындағы 1 учаскеде тиісті жұмыстар жүргізілді.

Ахуал күрделене қалған жағдайда әрекет ету үшін жергілікті атқарушы органдардың, Төтенше жағдайлар департаментінің және азаматтық қорғау қызметтері құрамаларының 3677 адамнан тұратын, 556 техника, 75 жүзу құралы

“**Халық арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы мақсатта 411 рейд ұйымдастырылып, 12 мыңнан астам жадынама таратылды.**



және 234 мотопомпалармен қамтамасыз етілген күштері мен құралдары дайындалды.

Көктем кезінде төтенше жағдай туындау қаупі болған кезде облыстың азаматтық қорғау жүйесінің, Ұлттық ұланның және Қорғаныс министрлігінің күштері мен құралдары кезең-кезеңімен жұмылдырылады.

Қосымша мониторинг жүргізу және жедел әрекет ету мақсатында Алтай ауданына 68303 әскери бөлімінің 24 әскери қызметшісі жіберілді. Зардап шеккен тұрғындарды қабылдау үшін 137 эвакуациялық қабылдау пункті анықталды, олардың жалпы сыйымдылығы 13 мың адамды құрайды.

Халық арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы мақсатта 411 рейд ұйымдастырылып, 12 мыңнан астам жадынама таратылды.

Су тасқыны қаупі күрделенген жағдайда, халықты құлақтандыру 48 сиреналық-сөйлеу құрылғысы, СМС-тарату, телерадиохабарламамен шығу және «Дәрмен» мобильді қосымшасы арқылы жүргізіледі. Бұдан бөлек, төтенше жағдай туындаған кезде «Масс Алерт» халықты хабардар ету жүйесі іске қосылады. Жалпы, облыс бойынша су тасқыны қаупі жіті бақылауда тұр.

Арда БЕКЖАН





21 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Күн мен түннің теңесіп, тіршілік атаулы қайта түлейтін өз-Наурыз мерекесін халқымыз қашанда асыға күткен. Тағдырын табиғат-анамен тамырластырған қазақ халқы үшін Наурыз – жыл басы, жаңару мейрамы. Алайда осы өз-Наурыз мерекесі қайдан келді? Қазақ топырағында қай уақыттан бері жаңғырды? Төл мерекемізді түлетуге кімдер жанашырлық танытты? Өткенге көз салып, тарихтың ақтаңдақ беттерін ақтарып көрсек.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жалпы, Наурыз мерекесінің тарихы тым тереңде. Бес мың жылдан бері Ұлы дала төсінде ізгіліктің шұғыласын шашып, табиғатпен үндесе мерекеленіп келе жатқан Ұлыстың ұлы күнінің маңызы мен мазмұны да айрықша. Әрине, есте жоқ ескі замандарда өз-Наурыз жалпыхалықтық сипат алып, кең көлемде тойланғанымен, оны айқындайтын ешқандай мәртебесі болмаған екен. Міне, осы Ұлыстың ұлы күнін мемлекеттік мереке ретінде бекітіп, арнайы бұйрыққа қол қойған алғашқы тұлға – қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов.

XX ғасыр басында негізі калана бастаған Алашорда мемлекетінің идеологиясына алғышарт есебінде Наурыз мерекесінің уақытына қатысты талас-тартыс өрши бастайды. Бұл мәселеге 1915 жылы Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов нүкте қойып, сол кезден бастап 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні ретінде қоғамдық ортада бекиді. Осыны негізге алған қазақстандық большевиктер де осы датаға тоқтайды. Сөйтіп, 1920 жылғы 20 наурызда



еліміздің оңтүстігінде құрылған Түркістан Республикасы советі орталық атқару комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұлов Наурыз мейрамына мемлекеттік мәртебе беретін бұйрықты жариялайды. Бұл өз-Наурызға арналған тұңғыш мәртебелі құжат еді. Бұл құнды құжатта «Түркістан совет Республикасы советтерінің Орталық атқару комитетінің осы жылғы 20 наурыздағы қаулысына сәйкес, қаулы етемін: 22 наурыз – «Көктем басы – Наурыз» бүкілхалықтық мерекесі деп саналсын» деп жазылған. Оған сәйкес, үкіметтік мекемелерге наурызды атап өтуге септесу жүктеледі. Қаулы телеграфпен және телефонмен таратылып, ол туралы сол кездегі газеттер де сүйіншілеп жазады.

Төл мерекемізді ТҮЛЕТКЕН Тұрар



Бұл жерде Тұрар Рысқұлов мейрамға «Көктем басы – Наурыз» деген айрықша атау беруі тегін емес. Өйткені сол тұста Кеңес билігінің тізгінін ұстағандар Ұлыстың ұлы күнін діни мереке деп бұрмалауға кіріседі. Ал Тұрар оларға қарсы шығып: «Наурыз – көктем мерекесі, ол халықтық мейрам. Билік ресми ұйымдастырсақ, халық та бұл қадамды жылы қабылдайды», деп қарсы уағ аятады. Сөйтіп, Мәскеумен келіспестен осы бұйрықты шығарады. Кейін бұл құжатты Жамбыл облыстық архивінің қызметкері болған Мақұлбек Рысдәулет осыдан 20 жыл бұрын мұрағаттан тауып алады. Осылайша, шаң басқан архив қағаздарының арасында жат-



1985 жылы Кеңес Одағында басталған «қайта құру және жариялылық» кезінде халық Наурыз мейрамын кеңірек ұжымшар, тіпті қала көлемінде біртіндеп атап өте бастайды. Осы тұста Наурызға «мемлекеттік мереке» мәртебесін беру мәселесі күн тәртібіне қайта көтерілді.

тың ұлы күні қайта жаңғыра бастайды.

Билік тарапынан ресми шектеу қойылғанымен, Кеңес заманында ұлт зиялылары астыртын болса да өз-Наурызды ел есіне салып тұрған.

1985 жылы Кеңес Одағында басталған «қайта құру және жариялылық» кезінде халық Наурыз мейрамын кеңірек ұжымшар, тіпті қала көлемінде біртіндеп атап өте бастайды. Осы тұста Наурызға «мемлекеттік мереке» мәртебесін беру мәселесі күн тәртібіне қайта көтерілді. Бұл іске сол кездегі Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің хатшысы болып сайланған Өзбекәлі Жәнібеков қызу кіріседі. Бұл 1988 жылдың ақпан айы болатын. Осылай қолға алынған ілкімді істердің нәтижесінде, Наурыз мерекесі 1988 жылы алғаш рет Алматы қаласы мен Алматы




облысының Жамбыл ауданында үлкен халықтық мейрам ретінде атап өтілді. Ал араға бір жыл салып, яғни 1989 жылы Қазақстанның барлық облысында жаппай тойланып, бүкілхалықтық көрініс тапты.

Осы кезде Әулиеата жерінде де өз-Наурыз мерекесі қайта жаңғыра бастады. Сол тұста Жамбыл қалалық мәдениет бөлімін басқарған Мәскеу Нохрабековтің айтуынша, Ұлыстың ұлы күні Жамбыл жерінде ерекше ұлықталған екен.

– 1988 жылдары газет беттерінде Наурыз мерекесін ұлттық мейрамға айналдыру туралы тамтұмдап айтыла бастады. Содан бұл мейрамды неге Жамбыл жерінде жаңғыртпасақ деген ұсыныспен қалалық және аудандық партияның атқару комитетіне шықтым. Алайда ондағылар мұндай мейрамды естімегенін айтып, қолдай қоймады. Сонда да райымнан қайтпай, Жамбыл педагогикалық институтында сол жылдары жұмыс істеген профессор марқұм Қапаш Тасболатовқа барып, Наурыз мейрамы туралы мәлімет алдым. Ол маған бар білгенін айтып, әдет-ғұрыптарын түсіндірді. Шыны керек, ол кезде наурыз көженің өзін қалай әзірлейтінін білмейді екенбіз. Содан Фурманов көшесінің бойынан екі жерден қазан көтеріп, наурыз көже пісіріп, №9 ықшамауданындағы мектеп жанына киіз үй тіктік. Сонымен қатар алғаш рет алтыбақан құрғыздық. Алайда Ұлыс күнін дүркіретіп тойлағанымызбен, ертесіне қалалық партия кеңесі мені шақырып алып, «ұлттық мерекені насихаттағаны үшін» деп қатан сөгіс берді. Десе де, 1989 жылы Қазақстан компартиясының орталық комитетінің бұйрығымен Наурыз ұлттық мереке болып бекітілді. Осыдан бастап Ұлыстың ұлы күні Жамбыл жерінде заңды тойлана бастады, – дейді М.Нохрабеков.

Жамбыл жеріндегі алғашқы заңды бекітілген Наурыз мерекесінде 3 мыңнан астам адамды қамтыған қойылым әзірленіп, 400-ден аса киіз үй тігіліпті.

– Орталық комитеттің бұйрығы шыққаннан кейін, Наурыз мейрамын қалай тойлаймыз деп жан-жақты ойландық. Содан халық ауыз әдебиетіндегі ертегі



кейіпкерлері мен аңыз тұлғалардың бейнесін көрсету үшін арнайы сценарий жасауға бекіндік. Бұл топқа Рахмет Өзбеков, Болат Мәуленов сияқты журналистер мен сол кезде облыстық театрды басқарып отырған Әскер Құлланов кірді. Содан мерекенің сценарийін түп-тура бір апта дайындадық. Қойылымдарға 3 мыңнан астам адам қатысатын болып шешілді. Осы тұста, тұңғыш рет ұлттық және ертегі кейіпкерлерінің киімін тіктірік. Қордай ауданынан көріністерге қажетті үш күйме жасатып, Жамбыл ауданынан 50 ат алдырдық. Сондай-ақ Ойық совхозынан 15 түйе жеткізілді, – дейді Мәскеу Нохрабеков.

Осындай дайындықпен басталған мереке күні атқару комитетінің төрағасы мен қалалық партияның бірінші хатшысының халыққа құртықтауын 10 мың дана етіп шығарып, оны ұшақпен қалаға шашқан. Бұдан бөлек, осы күні автобустар барлық бағытта тегін қатынап, қала тұрғындарына саябақтар мен сауықтыру орындары ақысыз қызмет көрсетіпті. Алғашқы мерекелік іс-шараның ашылуында Роза Рымбаеваның орындауындағы ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Наурыз» әнінің ұнтаспасы қойылған.

– Осылайша, жұлдырқаша жұмылудың арқасында өткен Наурыз тойын келесі жылы да бар салтанатымен атап өттік. Ол кезде қазіргі «Атшабарға» 400-ден аса киіз үй тігіліп, тұңғыш рет ақындар айтысы, бөйге, қыз қуу, тай көтеру, тенге ілу сынды ұлттық ойындар ойнатылды. Бұл жолғы мерекелік шарамызды «Қазақфильм» киностудиясы түсіріп, кейіннен «Жасарған Жамбыл жері» атты фильм етіп шығарды, – дейді Мәскеу Нохрабеков.

P.S.

Міне, осылайша Тұрар Рысқұлов мемлекеттік деңгейде тұңғыш рет тойлатқан төл мерекеміз – өз-Наурыз тәуелсіздік жылдары қайта түлеп, өз тұғырына қонды. Жылдан-жылға ұлық мейрамның мән-маңызы артып, мерекелеу көлемі де кеңейіп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен соңғы бірер жылдың бедерінде «Наурызнама» онкүндігі әзірленіп, соның аясында тағылымға толы іс-шаралар ұйымдастырылуда. Бұл – Ұлыстың ұлы күнінің жаңаша сипат алғанының жарқын көрінісі. Енді келер ұрпақ осынау ұлық мейрамымызды одан әрі ұлықтап, өміршеңдігін ұзақ қылады деп сенеміз.

Күн жадырап, Жер-Ана бусанып, табиғат түлеген мерекелі, берекелі көктем – қазақ үшін үміт пен мейірімге толы мезгіл. «Самарқанның көк тасы еріді» деп алақайлаған халық Наурыз мейрамын мәре-сәре көңіл күймен қарсы алып, бір-бірімен қуана қауышады.

Фасырлар бойы тойланып, ұлтымыздың ұлық мерекесі саналған – Ұлыстың ұлы күні ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күні ынтымақ-бірліктің мейрамына айналды. Сондай-ақ Наурыз – мейрам ғана емес,

«Наурыз айы туғанда»:

Д.Ж.

қазақтың мәдениеті мен тарихын, ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын ұрпаққа өнеге ретінде сіңіретін, дәріптейтін, насихаттайтын тәрбиелік мәнге де ие.

2021 жылы елімізде Наурыз мейрамы тұжырымдамасы бекітілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «...Еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз. Осы орайда, халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Мысалы, Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады», – деп, Наурыз мейрамының жаңа сипаты мен мазмұнын айрықша атап өткен болатын.

Осы тұжырымдамада Наурызды он күн тойлау жобасы жасалды. Ресми мерекелік күндер – наурыздың 21-і, 22-і, 23-і. Ал наурыздың 14-нен бастап Ұлыстың ұлы күніне әзірлік күні әрі ұлттық мұрамызды дәріптеу жолы ретінде түрлі шаралар ұйымдастырылатын нақты он күн таңдалды. Тұжырымдамаға сәйкес әр күнге өзіндік мағына мен мазмұн, сән мен салтанат, ынтымақ-ырыс жасарылды.

Ұлы далада ең жайлап, бақ қонып, Қыдыр дарыған қазақ үшін Наурыз мейрамының ырыс-берекесі, дәні мен дәмі – наурызкөже болса, сән-салтанаты мен мәдениеті – ұлттық өнер мен ұлттық бұйымдар, ою-өрнегі астасқан ұлттық киімдер десек, мәні мен мазмұны – ән мен күйі, ұлттық салт-дәстүрі, ұлттық ойындары. Ұлыстың ұлы күнінде халық үйде отырмайды, далаға, көкке шығады, бой көтереді, барлық адамға құтты болсын айтады, шат-шадыманға араласады. Наурыз жырын айтады. Наурыз айы туғанда бабалар салты жаңғырып, халқымыздың рухы түлеп, арман-мұраты, мәдениеті мен әдет-ғұрпы асқақ ән-әуенімен астасып, шырқау көкте әуелеп, ерекше шаттықпен тамылжи шырқалады. Әсіресе, наурыз әуенін ыңылдап айта бастаған әрбір қазақ үшін «... Наурыз айы туғанда, той болушы еді, бұл манда...» деп басталатын әнінің әуезі асқақ, бағы артық. Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған осы – «Наурыз-думан» әні халық арасында кеңінен таралып, қазақы өмір салт пен халықтың тіршілік тынысын, мінезі мен мерекелік көңіл күйін дөп баса алғанымен ерекше.

Ұлыстың ұлы күнінің тарихы мен тағылымына үнілгенде 1926 жылға дейін тойланып келген думанды мерекеге ескіліктің, діннің насихатшысы деген желеумен тыйым салғанын көреміз. Бірақ ел ішінде жасырын тойланып, халық жадында сақталып, ұлт рухымен бірге жаңғырып, мәңгі жасарып келе жатқан мейрамымыз 1988



жылы Алматы қаласында жалпыхалықтық мереке ретінде қайтадан ашық тойлана бастады. Осы жылдары алғаш рет сахнада шырқалған «Наурыз-думан» әні халықтың рухына дем беріп, тындаушының құлақ құрышын қандырғаны рас. Әннің тұңғыш тұсауын кесіп, бірінші рет сахнада орындаған Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаева думанды әннің туу тарихы туралы айтып берді.

– «Наурыз-думан» әнінің музыкасын композитор Талғат Сарыбаев жазды, өлең-сөзін Мұқағали Мақатаевтың кітабынан алғанбыз. Мен ақынның «Наурыз-думан» өлеңіне ән жазып беруін өтініп, Талғат Сарыбаевқа бардым. Өзімнің болашақ туындыны қалай көріп тұрғанымыз сөзбен суреттеп бердім. Композитор ойымды бірден түсінді. Мен қалаған мінез бен стильде ән жазды.

Көктемнің шуақты сәттері, наурыздың ерекшелігі мен қазақтың дарқан пейілін беретін ұлттық рухтағы жақсы бір әннің туындауына музыканың білікті маманы жолдасым Тасқын Оқаповтың да үлесі бар. Өзі режиссер, өзі композитор, өзі ән өңдеуші болатын. Жаңа туындыны бірден ұнатты. Содан «Наурыз-думанды» тұтас композицияға айналдыруды ұсынды. Ойдан ой, пікірден пікір туа келе, Тасқынның ұсынысымен әннің ортасына атақты «Шернияз» күйін қостық. Әннің ұлттық бояуы қалындап, тынысы кеңіп, қазақтың нағыз болмысын, қонақжай да дарқан пейілін көз алдыңызға келтіретін әнмен тыңдарман осылайша қауышты, – деп еске алды әнші.

– Жылдан жылға Наурызға аман-есен жетіп, тек қана жақсылықта дастарханымыз қуанышқа жайылып, бір-бірімізге тек жақсылық тілеп өмір сүрейік. Жаңа жылымыз жаңа күніміз – жылдың басы Наурыз мерекесі қазақ халқына қуаныш, береке-бірлік әкелсін, – деді халық әртісі.

Қазақтың музыкалық мәдениетінде ән мен күй тек өнер ғана емес, халықтың өмір салтының, дүниетанымының, пайым-парасатының өлшемі, арман-мұратының жаршысы саналады. Халық арасында кеңінен шырқалып, танымал болған Наурыз туралы әндердің қай-қайсысын алсақ та ел мен жердің біртұтастығы мен бірлік-берекесін жырлайды. Соңғы жылдары дәстүрлі әуендер заманауи форматпен үндесіп, мерекелік тың үн мен мазмұн тудыруда. «Армысың, өз-Наурыз!», «Көктем келді», «Өз-Наурыз құтты болсын!», «Наурыз мейрамы», «Наурыз келді», «Ерке Наурыз» сияқты туындылар ұлттың рухы, табиғаттың жанаруы, халықтың бірлігі секілді терең мазмұн, қарапайым мәтін және көңілді әуенімен жанды жадыратады. Сонымен қатар флешмобтарға арналған әндер де көбейді. Мұндай композициялар көпшілік орындауға ыңғайлы, ырғақты болуымен қатар қазақ музыка мәдениетінің жаңа кезеңін қалыптастырып келеді.

ӘУЕЛЕГЕН МЕРЕКЕ

Роза Қуанышқызының айтуынша, «Наурыз-думан» әні бүкіл мерекемізге ерекше көңіл күй, ерекше әсер қосты, халықтың мерейін көтерді, нағыз қазақтың тойын мерекесін жырлайтын ән болды.

– 1988 жылы Наурыз мейрамының алғаш тойлана бастаған кезі болатын. «Наурыз-думанды» ұлттық құндылық, дәстүр-дағдыға шөліккеп жүрген халық бірден жылы қабылдады. Ауыздан ауызға көшіп, ел арасына тез тарап кетті. Міне, содан бері де 30 жыл уақыт өтті, бірақ ән ескірген жоқ. Өз Наурызбен бірге жаңаша түлеп, әр көктем сайын халық сүйікті әнімен сағына қауышады. «Наурыз-думанды» талай шет елде де орындадым. Әлемнің қай бұрышында бармайын, шығарма өте жақсы қабылданды. Толассыз қошемет-құрметке ие болды. Үлкендер алғыс айтып, батасын берді. Бұл – әннің өміршеңдігі. Ұлы ақын Мұқағали Мақатаев пен дарынды композитор Талғат Сарыбаевтың кәсіби биік талғамының жемісі. Қаншама жыл өтті, бұл ән әр наурыз сайын бүкіл қазақтың сүйікті әніне айналды. Репертуарымда осындай әнімнің барына бақыттымын. Мен өте бақытты әншімін, – дей келе, Роза апамыз оқырманды Наурыз мейрамымен құттықтады.

Мәселен, әнші Алтынай Жорабаева орындайтын «Наурыз көктем» жыры:

– *Келді көктемім
Гүлдер бүршігін жарып,
Келді көктемім
Жаңа бір үміт алып,*

*Қуанып жасамыз да, кәріміз де
Саламыз шаттық әнге бәріміз де... – деп әннің де, көктем мезгілінің де табиғатын аша түссе, әнші Тамара Асар мен «Жігіттер» тобы «Наурыз – Аман!» әнімен:*

– *Наурыз, наурыз тіршіліктің бастауы
Наурыз, наурыз ақ арманның асқағы
Наурыз наурыз салт дәстүрім жаңғырған
Наурыз наурыз қазағымның аспаны... – деп мерекелік көңіл күйдің шадыман шаттығын жырға қосады.*

Арман-мұратын ән қанатына байлап, даласын жырмен тербеп, күймен әлдилеген қазақ үшін Наурыз әуені тек мерекелік фон емес – ұлттық мәдениеттің мәйегі десек болады. Ал қазақ топырағына табан тіреген кез келген адам үшін «Бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай» әсер қалдыратынының сыры мен тылсымы – әуезді ана тілі мен бауырластық-татулықты ту еткен қазақтың жанына байлаулы болса керек.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ





21 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

■ Наурыз – жаңару идеологиясы. Ал қазір қоғамда сол философияны сән арқылы «сөйлетіп» жүргендер бар. Артық мата қалдықтарын өнерге айналдырып, оған «екінші өмір» сыйлаған алматылық сәнгер Толғанай Сембаева бүгінде ұлттық құндылықты жаңаша мазмұнда жаңғыртып келеді.

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Көне құрақ – қазақтың тұрмысынан тамыр алған, әр бөлшегінде тарих пен тағылым тұнған өнер. Бүгінде сол дәстүр жаңа тыныс алып, заманауи сән индустриясымен үндесіп жатыр. Сән әлемі демекші, кейінгі жылдары бұл салада экологиялық тұтыну мәдениеті қайта күн тәртібіне шыққан. Мұны Толғанай ханымның түстері бір-бірімен үйлесім тапқан дизайнерлік өнімдерінен байқауға болады. Сәнгер 2020 жылы пандемия кезеңінен бері ескі мата қалдықтарын кәдеге жарату арқылы тұрмыстық бұйымдар әзірлеумен айналысады. Қазір сәнгер кәсібін екі бағытта дөңгелетіп отыр. Алғашқысы әрі негізгісі – экоқұрақ болса, екінші бағыты құрақ өнімдеріне қатысы болғанымен, мұнда жоғары сапалы америкалық макта пайдаланылады.

– Алғашында құрақ көрпені өз қажеттілігіне арнап тігумен шектелдім. Уақыт өте келе оны тек дәстүрлі бұйым ретінде емес, заманауи тұрмысқа бейімдеудің жолдарын іздей бастадым. Мен үшін құрақты күнделікті қолдануға ыңғайлы өнімге айналдыру маңызды болды. Материал ретінде америкалық мактаны таңдадым. Ол жиі жуғанға төзімді әрі берік келеді. Құрақтың дәстүрлі үлгілерін сақтай отырып, әжелеріміз қолданған ою-өрнек түрлерін негізге алдым. Нәтижесінде жұқа, сырып тігілген, кір жуғыш машинада жууға болатын әрі заманауи интерьерге үйлесетін бұйымдар пайда болды. Осылайша, құрақ жаңа сипат алып, ұлттық болмыспен қазіргі эстетиканы ұштастырған өнімге айналды, – деді сәнгер.

Алғашында хобби ретінде бастау алған іс кейіннен Толғанай ханымның тұрақты табыс көзіне айналған. Қазір Алматыда



ҚАЛДЫҚТАН

ҚҰНДЫЛЫҚ ӨНДІРГЕН

сәнгер

сәнгердің арнайы тігін шеберханасы бар. Толғанай Сембаева сәнгер ретінде құрақ топтамаларын әзірлеп қана қоймай, дәл осы шеберханада бірнеше қызметкерін жұмыспен қамтамасыз етіп отырған кәсіпкер. Бір ерекшелігі, сәнгердің бір туындысы екіншісіне ұқсамайды. Себебі шеберханада орналасқан құрақ өнімдерінің әрқайсысы философиялық мәнге ие. Тіптен кейбір құрақтың жасалу технологиясы Толғанай ханымның тағдыр жолымен сабақтасып жатыр.

– Қазақта «ысырап болады» деген ұғым бекер айтылмаған. Кезінде әжелеріміз үйдегі заттын ешқашан орынсыз тастамаған, керісінше ескі киімдерді қайта

өндеп, олардан жаңа бұйым тіккен. Бұрын киім адамның энергиясын сақтайды деген сенім болған. Мысалы, киімнің жағасы мен жеңінің ұштарын міндетті түрде кесіп алып, оны өртеп немесе көміп тастаған. Ал қалған бөлігін құрақ көрпе, жастық, көрпе-жабдық немесе киім тігуге пайдаланған. Осы арқылы ата-бабаларымыз үнемшілдікті ғана емес, рухани қорғаныш идеясын да қатар ұстанған. Бұл – қоршаған ортаға залалын тигізбейтін теңдессіз қайта өңдеу тәсілі. Осы әдіс табиғатпен үйлесімді өмір

әуе және теңіз тасымалдарының жиынтық көлемінен де жоғары деген сөз. Сондай-ақ әлемде жыл сайын өндірілген текстильдің 85 пайызы коқыс полигондарына тасталады. Тіпті, киім жуу процесінің өзі әр жылы мұхиттарға 500 мың тонна микроталшықтардың таралуына әкеледі. Бұл шамамен 50 млрд пластик бөтелкенің көлеміне тең.


– Қазір экология мәселесі – әлемдегі ең өзекті проблемалардың бірі. Адамдар көп мөлшерде зат тұтынып, кейін оны коқысқа лақтырады. Киім мен маталар ұзақ уақыт бойы ыдырайды, ал кейбірі мүлдем жойылмайды. Сондықтан оларды көбіне өртеуге тура келеді. Ал бұл өз кезегінде ауаны ластайды. Тігін шеберханалары мен цехтарда да пайдаланылмай қалған мата қалдықтары көптеп кездеседі. Олар негізінен коқысқа тасталады. Біз

– Бүгінде көпшілік экологиялық өнімнің маңызын түсініп, бағалай бастады. Көп жағдайда тұтынушылар бұйымды тек әдемілігі үшін емес, оның экологиялық, ұлттық және тарихи мәні үшін таңдайды. Кейбір сатып алушылар бізге анасының, әжесінің немесе әкесінің киімдерін, орамалдарын әкеледі. Біз солардан құрақ панно жасап, оған ерекше мағына мен естелік сыйлаймыз. Мұндай бұйымдар үйге эстетикалық сұлулық беріп қана қоймай, отбасының жылуы мен өзіндік тарихын сақтайды, – деді ол.

Кәсібін қолға алғанына көп бола қоймаса да, аз уақыттың ішінде сәнгердің авторлық топтамасы шетелдіктер тарапынан жоғары бағаланып үлгерді. Толғанай ханымның өнімдеріне Қазақстаннан ғана емес, АҚШ, Канада, Швейцария, Өзбекстан мемлекеттерінен тапсырыстар түсе бастаған. Әсіресе, сәнгер мұхиттың ар жағындағы америкалықтардың ерекше ынта танытып, шапандарды көптеп сатып алғанын мақтанышпен еске алады.



Сәнгер 2020 жылы пандемия кезеңінен бері ескі мата қалдықтарын кәдеге жарату арқылы тұрмыстық бұйымдар әзірлеумен айналысады. Қазір сәнгер кәсібін екі бағытта дөңгелетіп отыр.



көпшілікті осындай артық мата қалдықтарын кәдеге жаратуға шақырамыз. Көпбалалы және ерекше балаларды тәрбиелеп отырған аналарды құрақ тігуге баулып, олармен бірге жастық, құрақ шапан, шоппер және т.б сияқты бұйымдар тігеміз. Осындай бастамамыз арқылы экологияны қорғауға және тігін қалдықтарын тиімді пайдалануға өз үлесімізді қосып келеміз. Барша жанашыр жанды осы игі іске қосылуға шақырамыз, – деді кәсіпкер.

Десе де, Толғанай ханым кейінгі уақытта адамдар ақырындап болса да құрақ өнімдерінің экологиялық мән-маңызын саналы түрде ұғына бастағанын айтады. Оның сөзінше, тұтынушылар сәнгердің өнімін эстетикадан бұрын мазмұнға бай тұтас құндылық болғаны үшін сатып алатын болған.

– Шетелдік аудитория қазақтың құрақ өнерін ерекше таңданыспен қабылдайды. Олар құрақ өнімін нағыз құнды дүние, қолөнер туындысы ретінде бағалайды. Шетелдіктер қолмен жасалған еңбектің қадірін жақсы түсінеді. Олардың арасында қазақ мәдениетінің жанкүйерлері мен тұрақты сатып алушыларымыз да бар. Осының арқасында Қазақстан туралы ақпарат әлемге кеңінен таралып, адамдар тарихымыз бен мәдениетімізбен жақынырақ таныса бастайды, – деді Т. Сембаева.

Сәнгер құрақ – өткеннің сарқыншағы емес, болашақтың бір бөлігі деп біледі. Дәстүр сабақтастығы үзілмей, заманмен жанарып отырса, ұлттық құндылықтың ғұмыры да өміршең болмақ. Толғанай Сембаева келешекте ісін алға жылжытып, кәсіпкерліктің өрісін кеңейтпек ниетте.



сүрудің, қалдықты кәдеге жарата білудің тамаша үлгісі деп ойлаймын, – деді Толғанай Сембаева.

Business Insider жүргізген зерттеуге сүйенсек, киім өндірісі әлемдік көмірқышқыл газы шығарындыларының шамамен 10 пайызын құрайды. Салыстырмалы түрде бұл халықаралық



ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫРЛЫҚ – ТЕКТИЛІК



Ұлттың ұлық мейрамы – Наурыз бірінші кезекте жаңару мен жаңғырудың символы. Көктеммен бірге көктеп бүршік жаратын ағаш егу де көнеден келе жатқан игі дәстүрдің бірі. Табиғаттың осы бір ерекше мезгілі тек жыл мезгілінің ауысуы ғана емес, халықтың тұтастай рухани жаңғыруы мен ізгі істердің бастауы сияқты. Әсіресе, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен астасып жатқан ағаш отырғызу дәстүрі бүгінгі күні елдік маңызы бар ауқымды бастамаға айналғанын атап өткен жөн. «Бір тал кессең, он тал ек» деген аталы сөз – енді жай ғана нақыл емес, нақты іске айналған ұлттық ұстаным десек те, артық айтпаспыз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Бүгінде Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық тепе-теңдікті сақтау мемлекеттік саясаттың да аса маңызды бағытына айналды. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған орман қорын ұлғайту, елді мекендерді көгалдандыру жұмыс-

тары жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл жұмыс Ақмола облысында да аса үлкен қарқынмен іске астады.

Ақмола облысының орман қоры біраз жыл оталып азайып кеткенімен, мемлекет тарапынан жүргізілген арнайы бағдарламалардың көмегімен қалпына келуде. Бүгінде жалпы аумағы 1,1 млн гектарды құрайтын орман қорының 445,3 мың гектары жасыл желекпен көмкерілген. Бұл – облыс аумағы-

ның 3 пайызы. Алайда соңғы жылдары осы көрсеткішті арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, нақты нәтижелерге қол жеткізіліп келеді.

Әсіресе, облыс әкімдігіне қарасты 405,1 мың гектар орман қорының ішінде 235,1 мың гектар жердің қайтадан орман ресурсына айналуы – оң динамиканың айқын дәлелі. Кейінгі бес жылда өңірдің орманмен көмкерілген аумағы 11 мың гектарға ұлғайғаны анықталды. Бұл – жай статистика емес, табиғатты қалпына келтіру бағытындағы табанды еңбектің жемісі екені даусыз.

Мәселен, 2020 жылғы Жолдауда қойылған ел бойынша 2 миллиард ағаш отырғызу тапсырмасы Ақмола өңірінде де табысты жүзеге асқан. 2021-2025 жылдар аралығында облыс бойынша жалпы көлемі 74 миллион түп ағаш отырғызылып, 11 мың гектар жер жасыл желекке айналған. Әр жылдағы көрсеткіштер жоспардан асыра орындалғанын аңғартады. Мысалы, 2022 жылы жоспар 185 пайызға орындалса, 2025 жылы 119 пайызға жеткізілген. Бұл орман шаруашылығы мекемелерінің кәсіби деңгейі мен жауапкершілігінің жоғары екенін айғақтай түседі.

Құзырлы органдардың дерегіне сенсек, ағаш егу бағытында көзделген алдағы жоспарлар да аса ауқымды. Жалпы, жеті жылдық межеде 150 миллион ағаш отырғызу көзделсе, оның 86 миллионы 2026-2027 жылдарға тиесілі болмақ. Тек биылдың өзінде 20 миллион түп ағаш отырғызу міндеті қойылып отыр. Бұл – тек сан емес, болашақ ұрпаққа қалатын экологиялық мұра болатыны сөзсіз. Мұны облыс-

тық Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы да атап өтті.

– Ағаш отырғызу ата-бабамыздан келе жатқан игі дәстүр, табиғатқа жанашырлықтың нақты көрінісі. Бұл тек бүгінгі күннің емес, келер ұрпақтың қамы үшін жасалатын сауапты іс. Әрбір егілген тал елдің ертеңіне қосылған үлес. Сондықтан бұл бастаманы тек науқан ретінде қолдап қоймай емес, өмір салтына айналдыруымыз керек, – дейді басқарма басшысы Джанет Микишев.

Орманшылардың айтуынша, орман өсірудің табысты болуы ең алдымен сапалы көшетке байланысты. Бүгінде облыста 11 орман көшетжайлары жұмыс істейді. Олардың жалпы аумағы 189,7 гектарды құрайды. Оның ішінде үш ірі базистік көшеттер мен жөне сегіз уақытша көшет орындары бар.

– Кейінгі жылдары ағаш көшеттеріне деген сұраныстың артуына байланысты жаңа технологияларды енгізу қажеттілігі туындады. Осыған орай Зеренді ауданында заманауи талаптарға сай жаңа көшетжай салынып жатқанын атап өткен жөн. Жобаның ерекшелігі – жабық тамыр жүйесімен көшет өсіру технологиясын енгізуге бағытталып отыр. Бұл көшеттердің өміршеңдігін арттырып, орманды қалпына келтіру тиімділігін күшейтпек, – дейді Кіші Түкті орман шаруашылығының басшысы Батырбек Байәділов.

Сонымен қатар жеке сектордың әлеуетін пайдалану да назардан тыс қалмаған. Аталған жұмысты жүзеге асыру мақсатында «Қазақстан Орманы» серіктестігімен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында

жұмыс жүргізу жоспарлануда. Бұл жоба іске асса, жылына ондаған миллион көшет өндіруге мүмкіндік тумақ.

Орманды сақтау мен көбейту – тек ағаш отырғызумен шектелмек емес. Бұл – кешенді, үздіксіз еңбекті талап ететін сала екені рас. Соның жарқын мысалы – Маралды және Кіші Түкті орман шаруашылықтары.

Мәселен, Маралды орман шаруашылығы ондаған жылдар бойы өңірдегі орман қорының ежелден келе жатқан байлығын сақтап, жыл өткен сайын көбейтіп келеді. 24 мың гектардан астам аумақты қамтитын бұл мекемеде көшет өсіру, орманды қалпына келтіру, жас екпелерді күтіп-баптау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі. Тек 2025 жылдың өзінде ғана мұнда 1,7 миллионға жуық көшет өсіріліп, 170 гектар жерге отырғызылған.

Ал Кіші түкті орман шаруашылығы табиғатты қорғаудың кешенді үлгісін көрсетіп отыр. Мұнда өрттің алдын алу, зиянкестермен күрес, орманды заңсыз кесуден қорғау бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіледі. Жыл сайын мыңдаған гектар аумақ бақылауға алынып, профилактикалық шаралар ұйымдастырылады. Бұл – орманшылардың күнделікті көзге көрінбейтін, бірақ аса маңызды еңбегі екенін атап өткен жөн.

Орман алқаптарымен қатар, өңірде елді мекендерді көгалдандыру жұмыстары да қарқын алғанын айта кеткен ләзім. Соңғы бес жылда облыс қалалары мен ауылдарында 507 мыңнан астам ағаш отырғызылыпты. Бұл тұрғындардың экологиялық мәдениеті қалыптасып келе жатқанын айғақтайды.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі ғасырлар бойы шығыс халықтарының мәдениетін ұштастырып, түрлі ұлт пен ұлысты ұйыстырған ортақ құндылыққа айналды. Ежелден көктемнің шырайлы шуағымен қатар енетін ұлық мереке табиғаттың жаңаруы мен адамзаттың рухани жаңғыруының нышаны саналады.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Бүгінде ұлық мерекенің салмағы бұрынғыдан да жоғары сипатқа ие десек қателеспейміз. Мыңдаған жылдар бұрын қалыптасқан Наурызды ЮНЕСКО тарапынан адамзаттың мәдени мұрасының бірі ретінде тануы оның кезекті рет мойындалғанын айқын көрсетеді. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының 21 наурызды халықаралық Наурыз күні деп жариялауы әлемдік деңгейдегі орнын айшықтай түсті.

Сыр бойында көпұлтты халық шоғырланған ауылдар бар. Соның ішінде бірлігі бекем, берекелі мекен саналатын Қармақшы ауданына қарасты III Интернационал ауылының тұрмысы көрген жанды таңдай қақтырады. Алақандай ғана ауылда тұратын түрлі ұлт өкілдерінің татулығы мен ауызбіршілігі көпке үлгі. Әсіресе, өз-Наурызды тойлау сәтінде ерекше белсенділіктері жоғары. Бұл адамды нәсіліне, дініне, тіліне қарамай, түрлі ұлттың мәдениеті мен дәстүрін тоғыстыратын күн екенін айшықтай түседі.

ҰЛТ пен ҰЛЫСТЫ ҰЙЫСТЫРҒАН КҮН

Сыр өңіріне қоныстанған өзге ұлт өкілдері, оның ішінде аталмыш III Интернационал тұрғындарының татулығы мен бірлігі бір ғана Наурыз мейрамында айқын сезіледі. Ауылдағы түркітілдес ұлттарды айтпағанда, орыс, кәріс, неміс сынды басқа да этнос өкілдері киіз үй тігіп, қазақтың ұлттық киімдерін киіп, тағамдарын әзірлеп, дәстүрлі ойындарға қатысып, мерекенің көрігін қыздыруға күш салады. Бір-біріне кешіріммен қарап, ізгі тілектерін арнап жатады. Қайырымдылық шараларын ұйымдастыру, мұқтаж жандарға көмек қолын созу үрдісін де мерекенің ажырамас бөлігіне айналдырған.

Жалпы, біз айтып отырған 2000-нан астам халық тұратын алақандай ғана ауылда 11 ұлт өкілі мамыражай тұрмыс кешіп жатыр. Ұлты басқа болғанымен, тілегі бір арнада тоғысқан интернационалдық жамағаттың бір-біріне деген құрметі ерекше. Наурыз мерекесі түркітілдес елдердің ортақ құндылығы саналғанымен, бауырлас ұлт өкілдері ұлық мерекені мүмкіндігінше қазақы сипатта тойлауға айрықша мән береді. Көп жағдайда ортақ мерекенің қазақ халқының тойлау үрдісіне ұқсастықтары басым екенін айтады.

«Негізінен, қазақ халқының Наурыз мейрамын тойлау сипаты түрік, әзербайжан, өзбек ұлттарының үрдісімен ұқсастығы көп. Анау айтқандай айырмашылық байқалмайды.



Өзбек халқының дәстүрінде де Наурыз көже секілді тағам түрі дайындалады. Бұл дәстүрлі тағам «сумалық» деп аталады. Бұл тағамның өзіндік дайындалуы ерекше маңызға ие. Бидайдан жасалатын бұл ұлттық тағам бірнеше сағат бойы дайындалады. Мұны дәстү-

рімінде ұлттық тағам әрі халықтың бірлігі мен татулығының нышаны ретінде бағалайды. Сол күні қазан басында ән айтып, бір-бірімізге ақжарма тілектерімізді арнаймыз. Бұл тағам өзбек қана емес, түрік пен әзербайжан ұлттына да тән. Жалпы, тағам әзірлеу жағынан өзгешелік болғанымен, наурызды тойлау сипаты қазақы дәстүрмен сабақтас болып келеді», – дейді Гукчак Искендірова.

Наурыз мерекесін көктемнің келуімен қатар, халықтың бірлігін нығайтатын ұлы мейрам ретінде бағалайтынын жеткізді түрік ұлттының өкілі, ауылдың тағы бір тұрғыны Аида Сүлейманқызы.

«Өзім ауылдық мектепте мұғалім болып жұмыс істеймін. Жыл сайын мереке күні отбасымызбен ұлттық киімдерімізді киіп, ауылдық мәдениет үйіне жиналамыз. Мерекелік дастарқаннан дәм-татып, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрімізді көпшілікке паш етеміз. Түрік халқының ұлттық тағамдарын ұлықтаймыз. Бірақ дастарқанымыздан қазақы тағамдар да үзілмейді. Бауырсақ пен ет тағамын жиі әзірлейміз. Жалпы, түрік ұлтының мәдениетінде бұл мерекені Nevruz деп атайды. Ұлық мереке түрік халқының түсінігінде де жыл басы, табиғаттың оянуы деген жоғары маңызға ие. Сондай-ақ тағы бір ерекшелігіміз – бұл күні өзіміз өсірген бидайдан тағамдар жасап, дастарқанға қоямыз. Бұл біз үшін береке мен молшылықтың нышаны саналады. Бұған қоса, айналамызды, ауламызды тазалап, тал егу үрдісіміз де бар», – дейді Аида Мутиева.

Оның айтуынша, биылғы мерекені де ерекше үрдістен бастаған. Отбасында екі қыз тәрбелеп отырған ол мереке қарсаңында Лиза Сәндібекова есімді әріптесіне қазақы дәстүрге сай кіші қызының тұсауын кестіріпті.



21 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

■ Биыл үшінші жыл қатарынан ресми түрде Наурыз мейрамын жаңа форматта тойлап келе жатырмыз. Демек, бүгінгі Ынтымақ күнінің аталып өтіп жатқанына көп бола қойған жоқ. Онкүндік ішінде белгіленген әрбір атаулы күннің өз идеясы бар. Ал Ынтымақ күнінің мәні – халықтың бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау. Елдікті нығайтып, жұртты ортақ мақсатқа ұйыстыратын бұл мейрамда ұлтымыздың бауырмалдық салты жарқын көрініс табады. Қазақ халқы ежелден береке-бірлігін бекемдеп, ынтымағы мен татулығын ту еткен дана халық. Сондықтан бұл күн халқымыз үшін айрықша мәнге ие болмақ.

«Ынтымақ» ұғымы бірлік, татулық сөздерінің баламасы ретінде қолданылады. Халқымыз қашанда бірлік пен келісімді өмірдің өзегі санап, оның маңызын «Ырыс алды – ынтымақ», «Ынтымақ халықты асырар», «Ынтымақ түбі – береке» секілді даналық сөздер арқылы жеткізген. Сондықтан бүгінгі атаулы күн елдің өсіп-өркендеуін, еліміздегі барлық этнос өкілінің өзара татулығы мен берекесін арттыруды мақсат етеді. Тарихта Наурызды тойлау 8-9 күнге жалғасқан. Бұл үрдісті «Наурызнама» деп атаған. Бұл туралы деректер ұлы философ-жазушыларымыз Махмұд Қашғаридің, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Абай Құнанбайұлының, Мұхтар Әуезовтің еңбектерінде жазылғанын ғалымдар дәлелдеп отыр. Мәшһүр Жүсіп еңбегінде былай жазады: «Қазақтың қазақ болғалы өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама. Ол күні қожаларға оқытатұғын наурызға арналған кітап болады. Наурыз жайын ұқтыратын ол кітаптың атын «Салдама» дейді».

Наурыз, ең алдымен, халықтың тойы, көңілді көтеретін, тіршілікке тыныс беретін, бүкіл табиғатты қимыл-қозғалысқа шақырар мейірбан мейрам. Тарихшы Сейітжан Шағдаров осындай пікірде.

«Қазақ халқы ежелден көктемнің келуін, жаңа жылдың басталуын айрықша қуанышпен қарсы алған. Табиғатпен үндес бұл дәстүр бүгінгі Наурыз онкүндігі аясында да айқын көрініс табады. Әр күннің өзіндік мазмұны мен мәні бар, бірақ барлығын біріктіретін ортақ идея – елді татулық пен ауызбіршілікке үндеу», – дейді ол.

Тарихшының сөзінен Наурыз мейрамы жұртты ең бірінші ынтымаққа, бірлікке шақырғанын бірден аңғарамыз. Өйткені игі мереке күні халық бірнеше жаман әдеттен тыйылып, қасиетті айда жағымсыз әрекетке

ЫРЫС АЛДЫ – ЫНТЫМАҚ



бой алдыруға және қоршаған ортаға зиян келтіруге тыйым салынған. Сөйтіп, әр шаныраққа береке орнап, бақ дариды деп болжаған.

Наурыз – шат-шадыманды ойын-сауық, той басы. Наурыз көженің дәстүрлік, мерекелік ұлттық тағылымы – адамдарды ұйымшылдыққа, татулыққа, жомарттыққа, ізгілікке, бірлікке шақыру. Наурыз – тоқшылық күні. Бұл күні қазан оттан түспейді. Әр үй наурыз көже істейді. Бұл күні құл да, күн де жұмыстан босатылған деген әңгіме бар халық арасында. Бұл күні жұмыс істеген адамның басы қалтылдақ болады-мыс. Ұлы күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алсан, сонда олжалы жол болар» – деді тарихшы.

Наурыз ежелден әртүрлі халықтардың бірге атап өткен мерекесі ретінде белгілі. Бұл күн табиғаттың жаңарып, өмірдің қайта гүлдеуімен байланысты болып, көктемнің келуін білдіреді. Күн мен түннің теңесуі қазақтар мен көптеген түркі халықтары үшін ерекше мәнге ие, себебі ол жаңа жылдың, жаңа өмірдің бастауы саналады. Ал мақаламызға тиек болып отырған «Ынтымақ күні», «Бірлікке шақыратын мереке» ұғымдары қазақ даласын мекендеген сонау түркі тайпалары кезінде де қолданыста болған екен. Ұзақ уақыт бойы аралас-құралас өмір сүрген халықтар өз дәстүрлерін осылайша байытып отырған.

«Зерттеушілерге сүйенсек, Махмұд Қашғаридің «Диуани лұғат-ит-турки» (Түркілер сөздігі) еңбегінде осы аймақтарда тұрақтанып, қоныс еткен қырық тоғыз тайпа мен тайпалық бірлестіктердің аты

Бүгінде Наурыз мейрамы тек қазақ халқының емес, елімізде өмір сүріп жатқан украин, орыс, неміс және өзге де этнос өкілдерінің ортақ қуанышына айналды. Бұл – ұлт пен ұлысты бір арнаға тоғыстырып, татулық пен келісімді дәріптейтін ерекше мейрам. Әр халық оны өз болмысына, салт-дәстүріне сай қарсы алады. Мәселен, өзбек ағайын бұл күнді «Навруз» деп атап, жаңа жылдың бастауы ретінде ерекше ықыласпен тойлайды. Олар үшін бұл – өкпе-реніш ұмытылып, адамдар бір-біріне кешіріммен қарап, жақсылық тілейтін кезең. Дастарқандары сумалақ пен палауға толып, қонақ-жайлықтың көрінісі айқын аңғарылады. Ал түрік жұртында Наурыз дастарқаны тәттіге толы болады. Олар «жылды қалай қарсы алсан, солай өткізесің» деген сенімге берік. Сондықтан бұл күнді көтеріңкі көңіл күймен қарсы алып, жақын-жуықты аралап, ізгі тілектерін арнайды. Түрікмен халқы болса, Наурызды аналар мерекесімен сабақтастырып, табиғаттың әр белгісіне ерекше мән береді. Ауа райы мен ағаштардың күйіне қарап, келер жылдың қалай боларын болжауға тырысады. Ал әзербайжан жұртында мереке бірнеше күнге жалғасып, дастарқанға айна мен жұмыртқа қойылады. Жұмыртқаның қозғалысын жаңа жылдың нышаны деп қабылдап, ал бидайдан өсірілген көк өскінді жаңарудың белгісі санайды. Айыр қалпақты қырғыз халқы Наурызды 21



аталатыны айтылады. Қазақстан аумағын және онымен шектес аймақтарды мекендеген өзгедей де түркі халықтарының ұзақ уақыттар бойына аралас-құралас өмір кешуі осы халықтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінде де өзіндік із қалдырғанын білеміз. Солардың бірі – дүниенің жаңғырып, жасару мезгілі – көктемді қарсы алу. Қазақтар, көптеген түркі халықтары бұл орайда көктемнің алғашқы уақыттық белгісін күн мен түннің, яғни жарық пен қараңғылықтың теңесу уақыты деп таниды және ол қазіргі түсінімізге сай 22 наурызда аталады. Қазақтарда әдет-ғұрпымызға тән бірқатар мерейлі күн бар, бірақ Наурыз мейрамының орны ерекше», – дейді профессор Абат Қыдыршаев бір сұхбатында.

наурыз күні атап өтіп, ұлттық тағамдарын әзірлеп, ағайын-туыс, көрші-қолаңмен бірге думандата тойлайды.

Ал ертен, яғни 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні, жыл басы. «Самарқанның көк тасы жібіген күн» деген тіркес дәл осы күнмен байланысты екенін айта кеткеніміз дұрыс шығар. Халық аңызына сүйенсек, дәл 22 наурыз күні күн сәулесі астроном Ұлықбек салдырған обсерваториядағы көк тасқа түсіп, оны жібіткен екен. Содан бері Шығыс халықтарының күнтізбесі бойынша ол жаңа жылдың бастауы, тіршіліктің түлеп, табиғаттың жаңаратын кезеңі деп есептеліп келеді.

Сымбат БЕГІМБАЙ

Газеттің келесі саны
2026 жылдың 28 наурызында жарық көреді



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4719
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,